
ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

**№ 1 (53)
2017**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Республикалық терминология комиссиясының бюллетені

**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№1 (53)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-
саяси жұмыс комитеті

*ҚР Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2002 жылғы 27 мамырда
№2993 – Ж құәлігі берілген.*

Редакциялық алқаның төрағасы
А. Мұхамедиұлы

Редакциялық алқа

А. Баталов
Қ. Асыллов
Ғ. Мелдешов
М. Бақтиярұлы
С. Абдрахманов
М. Ахметов
Ж. Жақсымбетов
Д. Омашұлы
Б. Сағын
Д. Қыдырәлі
М. Айымбетов
С. Әлісжан
С. Ибраим
Ш. Пәтгеев

Бас редактор

Ш. Құрманбайұлы

Жауапты хатшы

Қ. Әбіл

Шерубай Құрманбайұлы
*ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы,
профессор*

КӨРКЕМ АУДАРМАЛАРДАҒЫ ЖАҢА ТЕРМИНДЕР МЕН АТАУЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Көркем аудармалардан аудармашы-қаламгерлер қаламынан туындаған жаңа атаулар мен қолданыстарды жинақтап, оларды салыстыра талдау барысында орыс тіліндегі бір ғана сөзге қазақ тілінде бірнеше балама ұсынылып, олардың осы аударма әдебиеттерде жарыса жұмсалып жүргендігі жиі көрініс беретін құбылыс екендігі анықталды. Бұл құбылыстың сырына үңіліп, себеп-салдарын анықтау, жарыса жұмсалып жүрген нұсқалардың арасынан ең сәтті жасалған баламаны іріктеп алу мамандар тарапынан атқарылуға тиісті кәсіби жұмыс, тілші-ғалымдар алдында тұрған маңызды міндет.

Бұл тұрғыдан келгенде осы мәселе жөнінде арнайы сөз қозғаушы мамандардың бірі ретінде біз де өз пікір-пайымдарымызды білдірсек дейміз. Ең алдымен, жарыса қолданылып жүрген балама атаулардың көп болуының себебі неде екенін білгіміз келетіні белгілі.

Біз сөз етіп отырған тілдік құбылысты білдіретін атаудың, терминнің қолданысы төңірегінде ескерте кететін бір жай бар. Лингвист ғалымдардың еңбектерінде біз әңгімемізге арқау етіп отырған құбылысты сөз еткенде лексикалық варианттар, дублет, синоним, жарыспа нұсқалар, жарыспалылық, варианттар терминдері бірінің орнына бірі қолданылып, көп жағдайда терминдік бірізділік сақтала бермейтінін кездестіріп жатамыз. Термин қолданысының бірізді болмауы өзара ұқсас қырлары бар бұл ұғымдарың кейде аражігін ажыратып, айқын жіктеу орнына жұртты, білім алушыларды шатастыруы да мүмкін. Біз синонимдердің арасында мағыналық реңк болатынын, синонимдік қатарда бір заттың түрлі ұғымдық қырлары сипаталатын ескеріп, кейбір әріптестеріміз пайдаланып жүрген ол терминді қолданбадық. Ал вариант сөздердің бір ғана ұғымға ие зат атауын түрліше атайтынын, жаңа мағыналы туынды сөз тудырмайтынын ескере отырып «сөз варианттары», «лексикалық варианттар» терминін қолдануды дұрыс деп тапқанымызды айта кетуді жөн санадық.

Әр түрлі халықтарда әлемнің тілдік бейнелері әр алуан, олардың әрқайсының өзіндік ерекшеліктері бар. Әр мәдениеттің өзіне тән сондай ерекшеліктерін түпнұсқа тілдегідей бұрмаламай дәл берумен қатар, аударылып отырған тіл тұтынушыларына да түсінікті етіп жеткізе білу үлкен өнер. Бұл аудармашының екі мәдениеттің ерекшелігін, екі тілді жетік білуімен қатар, аударылып отырған тілдің мүмкіндігін де көрсететін тұсы. Кез келген аудармашы сол өзі аударып отырған тілді жетік меңгерген, оның сөз байлығын, сөйлем құрылысын



ұтымды жұмсай білетін кәсіби маман ретінде тіл мүмкіндігін пайдалана алатынын көрсеткісі келеді. Бұл тілге құрметпен қарай алатын, өз кәсібінің бағасын білетін, сөз қадірін де өз қадірін де түсіргісі келмейтін әр маманға тән қасиет. Сол себептен де, әр аудармашының осы биік деңгейден көрінгісі келетінін өзіне қоятын қатаң талап деп түсінген дұрыс. Сол талап деңгейінен шығу үшін әр аудармашы өзінше ізденеді. Бір сөзбен айтқанда, олардың жаңа атауларды жасауы мен тілдің лексикалық түрлі қабаттарындағы сөздерге жаңа мағыналық реңк беріп, оларға қосымша жүк артып қолдануы осы ізденіс нәтижесі. Ал ізденіс нәтижесі маманның білімі мен тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, талғам-таразысына байланысты әркелкі болады. Сөз жасау мен сөз таңдауға да олар осы тұрғыдан келеді. Сол себептен де бірінің жасағанын бірі сол қалпында қабылдай салмай немесе қолданыста жүрген баламаларды алмай, олардың орнына басқа балама ұсынылып жатады. Кейінгі 20-25 жыл көлемінде жарық көрген салалық сөздіктерде, ғылыми әдебиеттер мен ресми-іскери тілде «спонсор» термині – демеуші, жебеуші, мияткер, қолдаушы, қаражатшы болып, «вкладчик» – жинақшы, вкладшы, салым иесі, салымшы нұсқаларында, ал «календарь» атауы мерзімді баспасөз бен көркем шығармаларда – жылпарақ, күнтізбек, күнпарақ, күнтізбе түрінде қолданылып жататыны тәрізді көркем аудармалардан да бір сөздің сан түрлі баламаларын кездестіруге болады.

Көркем аударманың арғы-бергі тарихына көз жүгіртсек, мұндай варианттылықтың қай кезеңде де болғанын көруге болады. Оған ХХ ғасырдың 20-30-жылдарынан да, одан бергі кезеңнен де көптеп мысал келтіруге болады. Әдебиетші ғалым, белгілі аудармашы Әбен Сатыбалдиев 1965 жылы жарық көрген «Рухани қазына» атты кітабында қоғамдық-әлеуметтік ортаға байланысты атауларды аударуда бірізділіктің жоқтығын айта келіп, оған нақты мысалдар келтіреді. «Барин» деген бір сөздің «барин», «қожайын», «төре», «бекзат», «бай-батша», «байеке», «бәйбіше», («барыня» болса) деп аударылып жүргенін білеміз... «Государь» деген сөз «государь», «патша ағзам», «алдияр», «алдияр ағзам», «тақсыр ағзам» болып кездеседі. «Светское общество» деген сөз «свет қоғамы», «светтік қоғам», «жоғары қауым», «сыпайы қауым», «сыпайгер қауым», «сыпайгер қоғам», «зиялылар қоғамы», «зиялылар қауымы» деп аталынып жүр.» – деп жазады (169-б.). Біз қарастырған аудармалардан осы «светское общество» сөз тіркесінің «зайырлы қауым» және «жарқылдақ қауым» деген тағы да екі нұсқасы кездесті. Сондай-ақ басқа әдебиеттерден «ақсүйектер қоғамы» және «зайырлы қоғам» деген нұсқаларын да кездестіруге болады. Қазіргі кезеңде бізде «зайырлы қоғам» біршама жиі қолданылады. Алайда, жарыспа жұмсалып жүрген варианттар да қолданыстан шыққан жоқ. Осы деректер өткен ғасырдың сонау 50-60-жылдарынан бастап бүгінге дейін бір атаудың әлі толық тұрақтамай келе жатқанын әрі ізденістің тоқталмағанын көрсетеді.

Балама іздеудің тым ұзаққа созылып кетуінің, варианттылықтың жалғасып

келе жатқанын қазіргі аударма әдебиеттерден де кездестіру қиын емес. Мәселен, біз қарастырған көркем аудармалардан орыс тіліндегі бір ғана «хозяйка» сөзінің баламасы ретінде – «биби», «қожабике», «отана», «қожайым», «үй қожасы», «қожайке» деген 6 түрлі нұсқасы, «лунатик» сөзінің – «айкезбе», «айғарақты», «айшалық», «түнкезер», «ұйқыбезер» деген 5 түрлі нұсқасы, «кухня» сөзінің – «асүй», «асхана», «аспазхана», «нәубетхана» және «наубатхана» деген 4 түрлі нұсқасын кездестірдік. Ал екі-үш нұсқасы жарыса қолданылып жүрген сөздер тіпті жиі ұшырасып отырады. Мұндай бірнеше нұсқасы жарыса жұмсалып жүрген балама атаулар жоғарыда көрсетілгендермен ғана шектелмейді. Олардың қатары өте мол. Оны осы еңбектің үшінші бөліміндегі орысша-қазақша сөздіктен де анық көруге болады.

Бұлай болуының ең бірінші себебі – қаламгерлер мен аудармашылардың қазақ тілінің лексикалық қоры мен сөзжасам мүмкіндігін барынша пайдалана отырып, ұғымды мейілінше дәл беруге, мағына сәйкестігіне қол жеткізуге деген ұмтылысы. Өздеріне дейін жасалған екі-үш, кейде төрт-бес баламаның бірін ала салмай, өз тарапынан жаңа балама ұсынудың бір себебі осында жатыр. Иә, бұл жерде өзіндік ізденіспен бірге талғам әрқелкілігі де бар. Әр қалам иесі өз талғамы мен білім деңгейі тұрғысынан қарайды. Сонымен қатар, ұғымның бірнеше белгілері болады. Бір ұғымның бірнеше атауының пайда болуына себеп болатын да осы белгілер. Әр аудармашы сол белгілердің қайсысын маңызды, басты санайтынына байланысты сөзге атау беру кезінде соны алға шығарады. Семантикалық белгілерден бөлек, сөздің ықшамдылығына, айтуға қолайлылығына, жағымды естілуіне, дыбыстық үйлесімі мен эстетикалық жағына көбірек мән беретін аудармашы-қаламгерлер де бар. Енді бір қалам иелері сөз жасауға қатысқан жұрнақтар семантикасына көбірек ден қояды. Мәселен, бір ғана «қыздыр» етістігін негізге ала отырып «грелка» атауына балама іздеген екі ізденушінің біріншісі «қыздырғы», ал екіншісі «қыздырғыш» деп екі түрлі сөз тудырушы жұрнақты таңдайды. Айырмашылық – біріншінің -ғы, екіншісінің -ғыш жұрнағын жалғауында ғана болып отыр. Сөз жасаушылар бұл жұрнақтарды тілдік түйсіктеріне сүйеніп қана пайдаланғанын байқауға болады. Бізде сөзжасам барысында осы жұрнақ мағынасының нәзік реңктерін ажырату жетіспей жатады. Жалпы филологиялық білімі бар аудармашы, жазушы, әдебиетші әріптестерді айтпағанда, қосымша морфемалар жайын жақсы білетін, оны арнайы зерттеген морфологтар болмаса, лингвистердің бәрі бірдей жұрнақ мағынасының осы нәзік айырмашылықтарын аңғара бермеуі мүмкін. Сол себептен сөз жасаушылар көбінесе сөз тудырушы жұрнақтарды лингвистикалық білімге емес, өздерінің тілдік сезімі мен тілдік түйсіктеріне сүйеніп таңдайды. Мұндай жағдайда сөз тудырушы жұрнақ мағынасын дөп басуы да, мүлт кетуі де мүмкін. Бұл да балама атаулардың бірнеше нұсқаларының пайда болуына себеп болады. Ал «грелка» сөзін «жылытқы» деп аударған аудармашы жұрнақ мағынасын тілдік түйсік арқылы жақсы сезінгемен, сөз мағынасын таңдауда

алшақтау кеткен. Салқын бөлмені немесе тоңған адам денесін «жылытуға» карағанда «қыздырудың» мағынасы сәл өзгешелеу, реңкі басымдау. Адам қатты тоңғанда, суықтағанда «грелканы» денесінің сол бөлігін жай жылыту үшін ғана емес, қайнап тұрған ыстық су қою арқылы қатты қыздырады. Денені жылыту үшін жылы үй, жылы киім, жамылғы, қалың көрпе де жеткілікті болар еді. Сондықтан орыс тіліндегі «грелка» сөзінің мағынасын «жылытқыдан» гөрі «қыздырғы» атауы дәлірек береді.

Әр қаламгердің, аудармашының өзіндік шығармашылық «мені» болуы да табиғи нәрсе. Кей жағдайларда шығармашыл тұлғалардың өзгелерді қайталамай, өзіндік даралығын көрсетіп, басқалардан бөлек атау жасап, соны қолданысқа енгізуге құлықты болып, сондай психологияға бой алдыруы да мүмкін. Жекелеген лексикалық варианттардың туындауына мұндай фактор да әсер етеді. Алайда сөз қадірін ұғатын, ұтымды жасалған сөзді танып, бағалай білетін салиқалы шығармашылық иелері сөзді кімнің жасағанына емес, қалай жасалғанына мән берері сөзсіз.

Көптеген тәжірибелі аудармашылар баламасын табуы тиісті сөздерді жинап, үнемі солардың ұтымды баламасын іздеп, іштей ойланып, толғанып жүреді. Бұл олардың кәсіби қасиеті. Белгілі аудармашы Кеңес Юсуп көркем аударманың дамуына көп еңбек сіңірген әдебиетші ғалым, аударма ісінің хас шеберлерінің бірі Жұмағали Ысмағұловтың аудармашылық қызметіне арнаған мақаласында оның тіл мен сөз алдындағы жауапкершілігін атап көрсете отырып: «Байқауымша, ол кісінің санасы бір сәтке де тыншымай, сөздерді саралаумен, бейтанис ұғымдардың ана тіліміздегі баламасын іздеумен, күрделі сөздік конструкцияларды қиыстырумен жүретін секілді.» – деп жазып еді.

Ж.Ысмағұлов сынды өз ісіне шын берілген аударма майталманының бойында осындай қасиет болмаса, ол қашанда солай ізденіс үстінде жүрмесе, оның қаламынан талай тамаша баламалар туындап, қазақтың сөз қорының баюына үлесін қоса алмаған да болар еді. Біз бұл еңбекте Жүмекеңнің Онере де Бальзактан аударған «Шегірен былғары» романы мен Антон Чеховтан аударған «Қаскүнем» әңгімесіне ғана тоқталдық. Оның «Шегірен былғары» аудармасында да «әңгібас», «дәршімай», «ділдәгер», «жемпаз», «жойымпаз», «сынсымбат», «өтіл», «мейірімхана», «құмаршылық», «құмархана», «қиырсыздық» сияқты көптеген жаңа баламалар кездеседі.

Біз білетін Кеңес ағаның өзі де солай, қазақтың ұмыт болған көне сөздерін тірілтіп, талай кірме атауларлардың қазақша баламасын іздеп, бас қатырып жүретін еді. Мемтерминком мүшесі болып жүргенде ол «қарымжы» (задаток), «қардарлық» (заклад), «кежеуіл» (телохранитель) тәрізді талай атауларды қолданысқа енгізуге табандап тұрып кірісіп, ұсынысын өткізгені есімізде. «Ведомствоны» – «идара», «функцияны» – «өзипа» деп атау керек деген ұсыныстары әріптестері тарапынан толық қолдау таппаса да, сол ойынан ешқашан бас тартпаған еді.

Кітаптың екінші бөліміндегі ол аударған Г.Маркес шығармаларынан да оның қаламынан туындаған сәтті баламалардың аз емес екенін көруге болады. Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романының аудармасында ол «әдірият», «басар», «батқы», «батырғы», «гүлмай», «емгер», «етекше», «қоразшы», «масқарапаз», «мінәжатхана», «мүкәмәл», «тиектүйме», «төрешек» тәрізді көптеген жаңа атауларды қолданады.

Белгілі қаламгерлер арасында аударманы өмірлік кәсіп етіп тұрақты түрде айналыспай, тәржімешілік тірлікке орайы келгенде соғып, оны қосымша табыс көзі ретінде қарағандары жөнінде өздері айтқандары да болды. Ол жөнінде әріптестері тарапынан айтылған пікірлер де бар. Мәселен, Жазушы Тұрысбек Сәукетаев «Сөзбен салған суретті...» деп аталатын Қалихан Ысқақов шығармашылығына арналған мақаласында қаламгердің аудармашылығы туралы былай деп жазады: «Қалағаң студиядан кеткенмен, кинодан қол үзген жоқ. Мен дубляжды жағалап жүрген ұзақ жылдар ішінде аудармаға білек сыбана атсалысты. Әрине, аудармаға деген құштарлықтан емес, қу тіршіліктің қамы үшін. Бірақ соның бірде-біріне жүрдім-бардым қарамай, битін салып небір ғажап баламалармен жайнатып жіберетін» («Егемен Қазақстан», 13 наурыз 2015 жыл. № 48.).

Мақала авторы Қалағаң «аудармаға деген құштарлықтан емес, қу тіршіліктің қамы үшін» араласты деп жазады. Аудармаға қалай араласса да оның бұл іске үлкен жауапкершілікпен қарағандығын қаламынан туындаған аудармалары айғақтайды. Бұл орайда қаламгердің аудармашылық қыры туралы сөз еткен Т.Сәукетаев ол «соның бірде-біріне жүрдім-бардым қарамай, битін салып» кіріскендігі жөнінде де, баламалары туралы да орынды атап көрсеткен.

Қ.Ысқақтың Иван Буниннен аударған «Арсеньевтің өмірі» романы мен Лев Толстойдан аударған «Помещиктің сәскесі» хикаяты, А.Чеховтан аударған «Каштанка» әңгімесі сияқты аудармаларын оқу барысында қазақтың қабырғалы қаламгерінің тіл байлығы мен аудармашылық шеберлігіне сүйсіндік. «Арсеньевтің өмірі» романында «асжаулық», «баспашы», «бейауыздық», «қоңыраушы», «қоқайма», «мүсәпірхана», «нұсқама», «пәрәмеш», «шарқай», «шаруабасы» сияқты балама атаулар қолданылған. Сондай-ақ қаламгер осы аудармасында кейінгі жылдары жасалған борышкер, дүңгіршек, жеделхат, кіреберіс, мәтін, мейрамхана сияқты жаңа атауларды жатсынбай пайдаланып, оларды көркем әдебиет тіліне енгізушілер қатарынан табылады.

Көркем аудармаларда түрлі атаулардың жарыса жұмсалудың осы сияқты түрлі себептері бар. Кәсіби аудармашылар мен көркем аудармаға атсалысқан қаламгерлердің қазақ тілінің бар мүмкіндігін, өздерінің шығармашылық әлеуеті мен сөз жасау шеберлігін көрсетуге ұмтылуын да қалыпты құбылыс, осы іспен айналысушыларға тән табиғи процесс деп қабылдаған абзал. Осы орайда өзі де аудармалар жасаған, аударма мәселесін арнайы зерттеп, оның қыр-сырына үңілген, қаламы жүйрік журналист, филолог ғалым С.Абдрахмановтың төмендегі



пікірінің біз сөз етіп отырған мәселеге тікелей қатысы бар. Ол былай деп жазады: «Бүкіл әлем кітаптан бетін әрі бұрып бара жатқан мына заманда бізде бөлекше құбылыс бой көрсете қалады екен деп иек қышытудың қажеті жоқ. Ендігі жерде Мұхтар Әуезов айтатын әдебиет әдебиет үшін деген талапты да еске алған артық емес. Бұл, ең алдымен, тіл өнерінің аударма саласында байқалса тіпті жақсы. Қазіргі аудармалар ең алдымен қазақ тілінің қамы, болашағы үшін жасалуы керек. Аударма кітаптар арқылы қазақ оқырманы мемлекеттік тілдің мүмкіндігін нақты көруге тиіс» (С.Абдрахманов. Поэзия аудармасы және аударма поэзиясы// Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. – Астана, 2011. 318-б.).

Ғалымның бұл пікіріндегі «Қазіргі аудармалар ең алдымен қазақ тілінің қамы, болашағы үшін жасалуы керек. Аударма кітаптар арқылы қазақ оқырманы мемлекеттік тілдің мүмкіндігін нақты көруге тиіс» деген тұжырымында үлкен мән жатыр. Тілді, сөздік қорымызды байытуға аударманың қосар үлесі зор екендігі еш дау тудырмайды. Ал оқырманның қазақ тілінің мүмкіндігін сезінуі, оны іс жүзінде нақты көре білуі аудармашының шеберлігіне, тіл байлығын орнымен пайдалана білуіне тікелей байланысты. Оның сыртында аударма барысында ұлттың тұрмыс-тіршілігінде кездеспейтін заттар мен өзге мәдениет өкілінің дүниетанымына тән ұғымдарды, таным-түсініктерді өзі аударып отырған тіл иесінің қабылдауына лайықтап жеткізе білу, бар сөзді ғана кәдеге жаратып қоймай, сөзден сөз тудырып, көкейге қонатын, көңілден шығатын ұтымды сөз, сәтті балама табу нағыз шеберлікті қажет етеді.

Көркем аударма мәтіндерінде молынан кездесетін жаңа атаулар мен қолданыстар, бірнеше нұсқасы қатар жұмсалып жүрген жүздеген сөздер осы шығармашылық ізденістің көрінісі екені анық. Мұндай ізденістің болғаны да баламалар қатарының артқаны да тілдің іске қосылып, оның сөзжасам үдерісінің үздіксіз жүріп жатқандығының айғағы. Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстардың көбеюін шығармашылық үдеріс тұрғысынан қарағанда табиғи құбылыс деп танығанымызбен, әдеби тіл нормалары, сөзқолданыстағы бірізділік, тіл тұтынушыларының заттық немесе абстаркты ұғымдарды біркелкі түсініп, бірдей ұғынуы жағынан келгенде олай дей алмаймыз. Бір ғана заттың немесе ұғымның әр түрлі көркем мәтінде әркелкі аталып жүруі оқырманға, жалпы тілді тұтынушы қауымға қолайлық туғыза қоймайды. Қайта, ойды жеткізуде, ақпарат қабылдау кезінде қосымша қиындықтар туғызуы мүмкін. Сол себептен де ондай қиындықтарға жол бермей, сөзқолданыстағы бірізділікке қол жеткізу үшін жаңа сөздердің нормалану үдерісін өз ыркына жіберіп қоймай, бұл іске кәсіби тұрғыдан ықпал етудің маңызы зор. Олай етпеген жағдайда жарыса қолданылып жүрген сөздердің бірінің тілде тұрақтауы, нормалануы тым ұзаққа созылып кетуі ықтимал. Дәлірек айтқанда солай болып та жатады. Өйткені сол атауларды ұсынушы, жасаушы авторлар шығармаларында, аудармаларында өз қаламынан туындаған сөздерді қолдануға мүдделі. Олардың біреуіне ғана тоқталмай, әрқайсысының ұсынысын, авторлық

қолданысын қош көретін өз оқырмандары болуы да мүмкін. Көркем аудармаларды сүзіп қарағанда оған анық көз жеткіздік десек, болады. Шамамен бір мезгілде (2004-2011жж. біз негізінен 2011 жылы жарық көрген көркем аудармалар сериясынан материал жинадық) жарық көрген көркем аудармаларда осыдан 30-40 жылдан астам уақыт бұрын пайда болған көптеген атаулардың бірінің жалпы қолданысқа көшпей отыруы соған дәлел бола алады.

Қоғам өмірінде, ғылым мен технология салаларында болып жатқан өзгеріс, жаңарулардың ешқайсысы тілді айналып өтпейді. Солардың бәрі де тілден көрініс табады, тіл де заманымен, қоғамымен тығыз байланыста дамиды. Ондай өзгеріс-жаңалықтардың қай-қайсысы да, әсіресе, тілдің лексикасынан көрініс таппай қалмайды. Аударма жасаумен үздіксіз айналысып жүрген мамандар тілдің лексикалық қорында болып жатқан барлық өзгерістер мен жаңалықтарды қалт жібермей қадағалап, оларды ой елегінен өткізіп отырады. Олай етпеген жағдайда немесе аудармаға атүсті қарап, жол-жөнекей араласқан маманға тәржімешілік тәжірибе жинақтап, оның қыр-сырын меңгеру де қиынға соғады.

Мәселенің бұл қыры да тәржіме жайын жақсы білетін білікті мамандар назарынан тыс қалмапты. «Тіл шұбарлығы неден?» деген мақаласында аударма ісінің білгірі Әбен Сатыбалдиев былай деп жазады: «Бізде бір сөзге бір сөз балама болып алынады да, жылдар бойы солай қолданылып жүреді. Ол халықтың санасына әбден сіңеді, мағына жағынан кемісі болса, айтыла-айтыла толығады, жаңарады. Сөйтіп жүргенде, сол сөздің баяғы ұғымын ұстап қалған, тіл жаңалығынан бейхабар, бірақ дәрежесі, беделі бар біреу әлдеқалай бір аударма жасап отырғанда, оны көре қояды да: «Бәлі, мынау сөз бұл мағынаны бермейді ғой» – деп шыға келеді. Сөйтесі де, өзінің білген бірденесін қыстыра салады. Осыдан барып шым-шытырық пайда болады» – деп жазады (Ә.Сатыбалдиев. Сөз қазынысының кеніші. 251-б.).

Қазіргі кезеңде өзін бірнеше саланың бесаспап маманы, әмбебап кадр санайтындар қатары артып отыр. Бір басына бар кәсіпті жиып алатын осындай көпқырлы мамандар лауазымды қызмет иеленсе, бірер жыл басшылық қызмет атқарса, өзін бәрін білетіндей сезініп, бар мәселеге араласып, барлық нәрсеге төрелік айтқысы келетін «әсіре сенімділік» дертіне ұшырайды. Лауазымдық, басшылық беделін барлық жерге тықпалау, қызмет бабын асыра пайдаланудың бір көрінісі. Тіл мәселесіне қатысты да осыны айтуға болады. Парламент қабырғасында тіл мәселесі талқыланғанда бұл салаға қатысы жоқ бір депутат мырза, пікірталас кезінде келтіретін ғылыми дәлелі жоқтығына қарамастан «Осы тіл мамандары бәрін бүлдіріп болды. Мәселені осыларды араластырмай өзіміз-ақ шешейік» деп, әріптестеріне ұсыныс айтқаны есімізден еш кетпейді. Аударма жайын жақсы білетін Әбен Сатыбалдиевтың «тіл жаңалығынан бейхабар, бірақ дәрежесі, беделі бар біреу» дегенін оқығанда өзіміз куәсі болған осындай жағдайлар еріксіз ойға оралды. Тілдегі варианттылықтың, сәтсіз терминдер мен



атаулардың бірнеше нұсқасының жарыса жұмсалып жүруіне сондай пайдасынан зияны көп беделге басулардың да әсері бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Осындай объективті, субъективті себептер салдарынан жаңа сөздердің нормалануы кешеуілдей береді немесе қолында қоғамға ықпал ету тетіктері бар сөз жасаушы авторлардың сәтсіз баламалары көпшілік санасына сіңіріліп, жаппай қолданысқа ене бастайды. Мәселен, қолында оқулық әдебиеттер мен бұқаралық ақпарат құралдарына, баспа өнімдеріне ықпал етудің нақты мүмкіндігі бар тұлғаларды осы қатарға қосуға болады. Сөздердің әдеби тілге еруге ұмтылу бәсекесінде олардың табиғи сұрыпталуына бірдей мүмкіндік туғызылмауы салдарынан өте сәтті жасалған атаулар тасада, авторлық неологизм деңгейінде қалып қоятын жағдайлар да кездеседі. «Алтын кездік қап түбінде жатпайды» десек те, сәтті баламалардың жарқ етіп бірден танылып, әдеби тілге жолдама алып кетпей, автор мәтінінде ұзақ жатып қалатын кездерінің болатынын жоққа шығара алмаймыз. Міне, осындай жағдайлар орын алмауы үшін тіл мамандары жаңа атаулар мен қолданыстарды уақытылы жинақтап, салыстыра талдап, ұғымды дәл беретін ең сәтті жасалғандарын іріктеп алып, әдеби тіл сөздіктеріне енгізуге, жаппай қолданысқа ұсынып отырғаны абзал. Бұл жұмыс ұлт тілінің сөздік құрамына енетін сөздердің сапасын жақсарту мен жаңа қолданыстардың нормалану үдерісінің жүйелі түрде, дұрыс жүзеге асуы үшін атқарылуы тиіс. Біз айтып отырған бұл жұмыс ең алдымен, сол жаңа қолданыстарды іздеп тауып, жиып-теріп алудан басталуы керек. Ондай сөздер жинақталып, орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздігі жасалып, бір сөздің қандай нұсқалары бар екені салыстырыла көрсетілетін болса, мамандар оларды талдап, ал аудармашылар мен журналистер, басқа да сала мамандары солардың арасынан ұтымды жасалғандарын іріктеп алу мүмкіндігіне ие болады. Біздің зерттеу еңбегімізде көздеген негізгі мақсаттарымыздың бірі де осы.

Қорыта айтқанда қазақ тіліне кейінгі бір ғасыр көлемінде аударылған екі жүзге тарта көркем шығарманы түпнұсқамен (орыс тіліндегі мәтінмен) салыстыру нәтижесінде оларда жаңа атаулар мен қолданыстардың молынан кездесетіндігі анықталды. Олардың елеулі бөлігі жеке авторлық неологизмдер болса, енді бір бөлігі көркем аудармаларға БАҚ пен ғылым тілінен, ресми-іскери тілден енген атаулар. Бұл деректер бір жағынан жаңа атаулар мен қолданыстардың қомақты бөлігі көркем аударма жасау процесінде туындайтынын көрсетсе, екінші жағынан, функционалдық стильдер арасындағы өзара байланыстың стильаралық сөзалмасым және бейтерминдену үдерістерінің үздіксіз жүріп жататындығының нақты дәлелі. Ал көркем аударма мәтінінен жинақталған жаңа атаулар мен қолданыстардың мол қоры терминжасам, сөзжасам тәжірибесін бөлісумен қатар терминологиялық жұмыстарды жүргізуге, сәтті жасалған сөздерді сұрыптап алып, қолданысқа енгізуге, терминдер бірізділігін қалыптастыруға мейілінше ықпал етеріне күмән келтірмейміз.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей көркем аударма мәтіндерінде жарыса

қолданылып жүрген жаңа атаулар мен қолданыстардың молдығы терминдерді біріздендіру жұмысын жүргізудің маңыздылығын анық аңғартады. Мамандар назарын аудару үшін төменде көркем аударма мәтіндерінде қолданылып жүрген бірқатар сөз варианттары кесте түріндегі қосымша ретінде беріліп отыр.

1-кесте

Жарыса қолданылып жүрген лексикалық варианттардың салыстырмалы кестесі						
орысшасы	қазақша баламалары					
	1	2	3	4	5	6
автослесарь	автодәнекер-ші	автореттеуші				
азартные игры	құмарпаздық ойын	құмарпаз ойындар	құмарлық ойындар	құмар ойындар	қызба ойындар	
акула	қатыран	қырыш				
аллея	саяжол	табан жол	серуенбақ			
бар	шарапхана	ішімдікхана				
барабан	қағыран	даңғара				
бассейн	хауыз	әуіз	әуіт			
беседка	самалжай	сұхбатхана	дамыл-жай	сұқбат-тақ	күн-қалқа	шипан
благосостояние	әл-ауқат	игілік				
богоматерь (дева)	қыз-ана	тәңірия				
бульварь	саяжол	жағажол				
бюстгальтер	төстартқыш	кеуде тартқыш				
варенье	тосап	қайнатпа	мұраппа			
витрина	сөрелік	жарнама				
взнос	жарнапұл	өтемақы				
визитная карточка	өздерек кәртiшкесi	текқағаз	танысқы кәртiшкесi	танысу кәртiшкесi		
военачальник	қолбасы	әскербасы				
вуаль	торперде	бетперде				



галстук	мойынтақ	мойынтағар			
герб	елтаңба	ентаңба			
гипс	ғаныш	керіш			
глупость	ақымақгер шілік	мақаугер шілік			
горшок	дәретсауыт// дәрет сауыты	боқтыаяқ			
гостиная	қонақжай	мейманжай			
гостиница	қонақүй	мейманхана	мейман- жай	мүсәпір- хана	қонақ- жай
грелка	қыздырғы	қыздырғыш	жылытқы		
грузила	батырғы	салдауыр			
докладная за- писка	баянхат	баяндау-жаз- ба	баяндау хаты		
должник	борышкер	борышқор			
домовой	құйыршық	ошақ иесі	үй әруағы		
духи	әтір	дәршімай	иіссу	опа	
духовник	дінбасы	тәлімші			
зажигалка	от жаққыш	от тұтатқыш	отшақпақ		
заказчик	тапсырысшы	тапсырыс беруші			
законник	заңшы	заңгер			
закуска	тіскебасар	басытқы	шайнама		
замок	қамал-сарай	құлпысарай			
запонка	жең-түйме	тиектүйме	жеңілгек	зәпөнке	
имение	иелік	орамжай// орам-жай			
исповедалнье	тәубехана	тәубешілік			
кабак, каба- чок	ішкілікхана	ішімхана	шарапха- на	кәйіп- хана	
календарь	күнтізбе	күнпарақ			
кальян	қорқор	қорхор	қалиян		
квартал	оралым	махалла			
квартирант	пәтерші	пәтерман			
кисть	ақтауыш	жаққыш			
клетка	жасуша	қапаз			
клиент	дәркер	салымшы			

клоун	масқарапаз	масқарампаз	сайқы-мазақ			
кнопка	түймеше	түйме-тесік				
коллекция	топтама	цикл				
консержка	есік бағушы	есік күтуші	қақпашы әйел			
контрабандист	аткешір	аткезші				
конюший	атқорашы	қорашы				
кормилица	сүтене	сүтана				
косметика	опа	опа-далап	далап			
кофейник	кофеқайнатқыш	кофеқұман				
кофейня	кофехана	сусынхана				
краснокожий	қызылтән	қызылтәнді	қызылт өнді			
кресло	орынтақ	мамықтақ	бақтақ	күрсі		
купальня	шомылма	хауыз				
курящий (курящая)	шылымпаз	бәңші				
кухня	асүй	асхана	аспазхана			
лава	балқыма	бұрқақ				
лавка, лавочка	дүңгіршек	дүкенше				
лейка	суқұйғы	сушашқыш				
лестничная площадка	баспалдақ алаңы	басқыш алаңы	баспалдақ алаңшасы	басқыш алаңқайы		
лунатик	айкезбе	айғарақты	айшалық	түнкезер	ұйқы-безер	
магазинчик	дүкеншік	дүкенше				
мадам	ханым	бике				
манжеты	қайырма	жиектеме				
молельня, молитвенный дом	мінажатхана	ғибадатхана				



монастырь	әдірият// әдірият // әдарият// әдиярат	сопыхана			
монета	шақа	теңгелік			
мученник	азапкер	азапқор	ғазапкер		
мэр, мэр города	дуанбасы	әкім			
наборщик	теруші	әріп теруші			
навес	қалқайма	жаппа	шатырша		
обои	тұсқағаз	қабырға қағазы			
обстоятельство	мән-жай	жағдаят			
одеколон	әтір	иіссу			
окоп	оқпана	жертөле			
паяц	масқарапаз	масқарампаз			
площадка	алаңша	алаңқай			
подвал	жертөле	жерқойма			
подлокотник	шынтаққой- ғыш	білексалар	шынтақ- ша		
поднос	оқаша	жайпақ табак	жаймата- бақ		
покупатель (ница)	аларман	сатыпалушы			
половик	едендік	жертөсеніш	еденжу- ғыш		
полог	кілемше	жабынды			
посредник	делдалшы	мәмілеші			
пристань	айлақ	жағыс	кемежай		
прихожая, прихожка	кірмелік	дәліз			
приют	жетімхана	мейірімхана	панажай		
проводник	жолбасшы	жолкөзер			
птичник	құсқора	құсхана			

публичный дом	харамхана	жәлепхана				
развалина	қиранды	қиратынды				
рама, рамка	қасекі	ернеу				
распятие	кергі	керілгі				
рецепт	шипашақ	уәспі	дәріқағаз	дәрілік қағаз		
рюкзак	аспалы қапшық	жолдорба	жол дорба			
семья	отбасы	жанұя	үйелмен			
светское общество, светские хроникеры	зайырлы қауым	жарқылдақ қауым				
святой отец	әулие әкей	әулие әке	қасиетті әкей	киелі әкей	діндар әкей	
священник	әмбие	қасиетті әкей				
семья	отбасы	үйелмен	жанұя			
сестра, медсестра	медбике	медбibi	мейіркеш	аяжан	мейіргер	
сиделка	бағымшы	аяшы				
скатерть	асжаулық	жайма				
собор	киехана	ғибадатхана				
сопровождающий	еруіл	айдауыл	еру			
спальня (спальная комната)	жатынжай	түнемел	ұйқы бөлмесі			
спиртное	ішімдік	ішкілік				
стакан	ұстаған	стакан				
топор, топорик	балташа	балташық				
тротуар	жиекжол	жағажол	жаяусоқпақ	табанжол, табанжол	аякжол	қапталжол
трубка	қорқор	қалиян	най			



удушые	булықпа	түншықпа				
факт	мәнбі	мәнбе	мән-жай			
фигура	бойтұлға	бәден				
флаконт(чик)	құтышак	сауытша				
фонарь, фона-рик	қолшам	қалташам				
фонтан, фон-танчик	бұрқак	субұрқак	ақбұрқак	шапшы-ма		
хозяйка	бибі	қожабике	отана	қо-жайым	үй қо-жасы	қо-жайке
чемоданчик	шамаданша	боғжама				
чредоугодник	жемпаз	жемпоз				
шарф	мойынора-ғыш	орағыш				
шпора	батқы	тепкір	өкше темір			
эксперт	сарапшы	сараптамашы				
юбка	белдемше	етекқап	етекше	етеккөй-лек	етек көйлек	
якорь	зәкір	леңгір	салдауыр			

2-кесте

Әртүрлі ұғымдардың бір сөзбен берілуі

қазақшасы	Орыс тіліндегі нұсқалары				
	1	2	3	4	5
ағза	организм	ткань			
айлақ	пристань	гавань			
алаңша	площадка	заулок	патио		
аралшық	островок	лагуна			
асүй	кухня	столовая			
әкімдік	мэрия	префектура	акимат		
әл-ауқат	благосостоя-ние	богатство	материальное могущество		
әтір	духи	одеколон			
әуежай	аэропорт	аэродром			
байлама	повязка	водоем			
басқыш	ступень, спу-пенка	лестница			

бике	мадам	дама	мисс		
боғжама	чемоданчик				
бұрқақ	фонтан	лава			
гүлдесте	клумба	букет			
ғибадатхана	храм, храм божий	приходской дом	собор	мо- лельня	
далап	помада	косметика			
дәйекші	слуга	официант			
дәліз	коридор	прихожка			
дәмхана	кафе	харчевня			
дүкенше	магазинчик	лавка, лав- чонка			
дуанбасы	мэр	бургомистр			
дүңгіршек	лавка	киоск	будка, будочка		
емгер	лекарь	знахарь			
жабынды	саван	полог	покрытие		
жағажол	тротуар	бульвар			
жайма	простыня	скатерт			
жапсырма	этикетка	нашивка			
жарнама	реклама	витрина	афиша		
жеделхат	телеграмма	телеграф			
жертөле	подвал	погребок	окоп		
жойымпаздық	разрушение, разрушитель- ность	пагуб (ность)			
жолсапар	поездка	путешествие			
жолсоқпақ// жол-соқпақ	тропинка	путь			
жол сөмке	саквояж	дорожная сумка			
жүкші	грузчик	носильщик			
жындыпаш	истеричка	идиот			
жыртынды	клочок (бумаги)	лоскуток, лоскуточек			
заңгер	юрист	законник			
иелік	поместье	владение	имение		



иықбау	подтяжка	подвязка		
иіссу	духи	одеколон	уксус	
кеден	таможня	станция		
келісімшарт// келісім-шарт	контракт	договор		
көзбояушы	фокусник	иллюзио- нист	клоун	
көрбан	могильщик	поганный		
күлші	зольник	угольщик		
күртеше	куртка	фуфайка		
кілемше	полог	коврик		
кіреберіс	подъезд	вход		
қапалақ	винт	ветряк		
қаптама	чехол	обивка		
қонақжай	гостиная	гостиница		
қорқор	калян	трубка		
құттыхана	будуар	мансарда		
қыдырма	завсегдатай	гуляка		
масқарапаз	паяц	коломбин	клоун	скомо- рох
мәйітхана	морг	мёртвый дом		
мән-жай	факт	исток	обстоятельство	
мекенжай// мекен-жай	адрес	поместье		
мизам	сентябрь	июнь		
мінажатхана	часовня	молельня, молитвен- ный дом		
нәубетші	вахтер	«очередь»		
нымша	блузка	жилет		
оқпана	окоп	траншея		
опа	косметика	пудра	духи	
отана	семьянинка	хозяйка		
өзенше	речка, река	ручейка, ручья		
өтемақы	компенсация	взнос		

өткелек	проход	арка	переход		
өтіл	стаж	призыв			
пәтерші	квартирант	нахлебник			
рәсім	церемония	обряд	процедура		
сайқымазақ	комедиант	паяц	клоун		
салтқы	щеколда	пружина	трап		
салымшы	вкладчик	клиент			
сауықхана	казино	мюзик-холл			
саябақ	парк	сквер			
саяжол	аллея	бульварь			
табанжол// табан жол	тротуар	аллея			
тақташа	плита	кафель			
тепкішек	педаль	лестница			
топтама	коллекция	цикл	серия		
төлқұжат	паспорт	пропуск			
ұстаршы	брадобрей	цирюльник			
ұстын	устои	догма	колонна		
үрдіс	тенденция	обычай			
ханым	мадам	госпожа			
харамхана	сераль, (гарем)	публичный дом			
хауыз	бассейн	купальня			
шарапхана	бар	кабак, каба-чок			



Айгүл Жұмабекова

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері, профессор,
филология ғылымдарының докторы*

XX ҒАСЫРДАҒЫ АУДАРМАНЫҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛАРЫ МЕН ҮЛГІЛЕРІ

Аударманың жағдаяттық (денотативтік) теориясы.

Бұл теория тіларалық өзгерістердің шегінен шығып кетеді және болмысқа деген қатынасты болжайды. Аударманың жағдаяттық теориясы кез келген денотат (зат, сипат, іс-әрекет, яғни қоршаған болмыстың бөлшектері), кез келген жағдаят әртүрлі сипатталуы мүмкіндігіне негізделеді. Сонымен қатар әр тілдің өзінің қалыптасқан сипаттау тәсілдері бар. Осы тәсілдерді мәтіннің жеке бірліктерін өзгерту арқылы емес, сипатталатын денотат, жағдаят арқылы табу қажет.

Жағдаяттық үлгі денотат немесе жағдаятты бастапқы мәтін арқылы және солардың негізінде аударма мәтінін құру арқылы анықтауды болжайды. Осындай жолмен аударманың жағдаяттық теориясы жағдаят пен мағынаны теңдестіре отырып, объективті мәлімет ретінде айтылым мағынасынан оқшауланады. Осы теория шегінде аудармашы екі тілдің теориясы мен практикасын меңгерген жоғары білікті лингвист ретінде әрекет етеді. Аударманың жағдаяттық теориясы, әсіресе В.Г. Гак [1;2] еңбектерінде кең түрде қарастырылады. Аударманың жағдаяттық теориясы барлық артықшылықтарына қарамастан, аударма туралы ғылымның нысаны ретіндегі аударма үдерісінің бөлшектерін ескермейді.

Аударманың трансформациялық теориясы.

Бұл теория аударма үдерісін бастапқы тіл құрылымы бірліктерінің аударма тілі құрылымының бірліктеріне өзгерту ретінде меңгеруге негізделген. Оны Ресейде И.И. Ревзин және В.Ю. Розенцвейг [2], шетелде Ю. Найда [4] жасаған. Бұл теорияның негізінде барлық грамматикалық жағынан дұрыс айтылған сөйлемдер шектеулі жай ядролық құрылымдардан жасалады деген американдық ғалым Н. Хомский [5] грамматикасының қағидалары жатыр. Демек, бұл теория қабылданатын мәтінаралық тілге трансформацияланады (өзгертіледі) деген ережеден шығады.

Осы мәтінді аударма тілінде беру үшін оны тағы да трансформациялау, яғни сол тілдің заңдылықтары бойынша тілдік сөйлеуге айналдыру қажет. Аударманың трансформациялық теориясы аударма үрдісінің тіларалық өзгертулер деп аталатын бөлігін толықтай түсіндіреді.

Аударманың трансформациялық теориясының кемшілігі оның эксперименттік негізінің болмауы, демек, ол аударма туралы ғылымның нысанынан бөлек тұр. Аударманың трансформациялық теориясы Ресейдің жетекші психологтерінің, ең алдымен, Н.И. Жинкин [6] еңбектеріндегі субъективті мағыналық кодты мойын-

даудан шығады. Басқаша айтқанда, аударманың трансформациялық теориясында аудармашыны әдебиетшіге айналдырып және ондағы шығармашылық бастамаларды мойындайтын таза лингвистикалық ұстанымдардан әдебиет жаққа қарай өту белгіленген.

Аударманың психолингвистикалық теориясы.

Ресей аударматануында Әскери университет ғалымдарының еңбектерінде аударманың психолингвистикалық теориясы белсенді түрде қалыптасып келеді. Оның зерттеу пәні – аударманың тіларалық коммуникация ретіндегі психологиялық (психолингвистикалық) аспектісі.

Аударма туралы ғылымда осы бағыттың әдістемелік және теориялық негіздерін салған белгілі ғалым А.Ф.Ширяев. Ол аударманың әрекетшілдік қызметін дәлелдейді, яғни аударманы өзіндік мақсаты, пәні, құралдары, жүзеге асыру тәсілдері, нәтижелері, құрылымы бар сөйлеу әрекетінің белгілі мамандырылған түрі ретінде қарастырған.

А.Ф.Ширяев бойынша [7], аударма мақсаты белгілі бір тілде дыбысталған немесе жазылған айтылым түріндегі «өнім» тудыру болып табылады. Әлеуметтік тапсырыс аясында аудармашыға болашақ өнімнің негізгі өлшемдері беріледі. Бұл іс-қызмет нысаны – бастапқы тіл құралдары арқылы берілген әр тілді коммуниканттардың бірінің сөйлеу қызметінің өнімі.

Аудармашылық іс-қызметті жүзеге асыру тәсілдері үш топқа бөлінеді.

Бірінші топ – сөйлеу қызметі өнімдерін адам игілігіне айналдырудың *тыңдау* және *сөйлеу* ауқымды тәсілдері. Екінші топ аудармашылық міндеттерді шешу – баламаларды қолдану, нұсқаулық және контекстік сәйкестіктерді анықтау үрдісін қамтиды. Үшінші топ сөйлеу және жазу сияқты аудармашылық іс-қызмет тәсілдерін біріктіреді.

Құрылымдық жағынан аудармашылық іс-қызмет өзара байланысты және өзара шарттастырылған аудармашылық әрекеттер тізбегінен тұрады. Микро-қызмет болып табылатын қызметтік үрдістің минималды бірлігі тұтас іс-қызметтің барлық негізгі сипаттарына ие. Тұтастай аудармашылық іс-қызмет те, сондай-ақ, оған кіретін әрбір аудармашылық әрекет те кез-келген ой-зерделік әрекетке тән үш фазалы құрылымға ие: 1) іс-қызмет немесе әрекет жоспарын жасау фазасы, 2) жасалған жоспарды жүзеге асыру фазасы және 3) алынған нәтижені көзделген мақсатпен салыстыру фазасы. Аудармашылық қызметтің өнімі (нәтижесі) аудармашы жасап шығарған аударма тіліндегі мәтін болып табылады. Аудармашылық қызмет өнімінде бір мезгілде адресат қызметі де, аудармашы қызметі де белгіленеді.

Заңды сәйкестіктер теориясы.

Я.И. Рецкердің теориясы [8] аудармашы жұмысының негізгі әдістерін түсіндіреді. Ол баламалар мағынасының және сөз тіркесінің көлемін менгеруге ынталандырады; ол контекст мағынасына және бастапқы тіл бірліктеріне сәй-



кестіктер іздеу барысында аудармашының жүгінетін келешегі неғұрлым жоғары лексикалық трансформацияларына сілтеме береді. Яғни Я.И. Рецкердің теориясының құндылығы да осында. Бірақ Я.И.Рецкердің теориясы барлық аудармашылық үрдісті түсіндірмейді, себебі оның авторы аударма туралы ғылымның бөлімдерін - түпнұсқа мәтіні мен аударма мәтінінің бірліктерін зерттеумен ғана шектеледі. Заңды сәйкестіктер теориясы аударманың жалпы теориясының құрамдас бөлігі ретінде кіреді. Ол тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу үшін өте пайдалы болып келеді.

Аударманың ақпараттық теориясы.

Тілралық коммуникацияның ақпараттық аспектісі атақты ғалым Р.К.Миньяр-Белоручев [9] ұсынған және жасаған аударманың ақпараттық теориясын құрады. Р.К.Миньяр-Белоручевтің түсіндіруінше, аударманың ақпараттық теориясына сәйкес бастапқы тілден аударма тіліне өту ақпараттық деңгейде жүзеге асады. Аударма мақсаты хабарламаны, демек, жеткізілуге арналған ақпаратты немесе ақпарат инвариантын, басқаша айтқанда, берілген қарым-қатынас түріне маңызы бар ақпараттың құрамдас бөліктерін жеткізу болып табылады. Хабарлама құрылымы вариативті және ақпараттың әр түрінен құралады. Бастапқы мәтін трансформация нысаны емес, семантикалық ақпарат пен құрылым туралы ақпаратты тасымалдаушы болып табылады. Сондықтан аударма үдерісінде тілралық трансформация емес, ақпаратты іздеу мен оны жеткізу маңызды болып табылады. Аударма мәтінінде түпнұсқаның коммуникативтік тапсырысының бір бөлігі ғана сақталады, себебі, басқа да коммуникациядағы сияқты, екі тіл арасындағы коммуникацияда заңдылықтармен қатар орынсыз шығындар да болады.

Аударманың ақпараттық үлгісі қабылдаушының бес деңгейінің ақпараттық қорын ескеруге және түпнұсқаның әртүрлі коммуникативті анықталған құндылықтары: бірегей немесе тірек, қосымша, нақтылайтын, қайталама және нөлдік ақпараттарға негізделген. Ақпараттық теорияға «ақпарат» (белгілі бір білімнің жеткізілу үдерісі), «хабарлама» (жеткізіліп жатқан білімнің мазмұны), «мәтін» (хабарламаға ие кез келген таңбалық құрылым) ұғымдарының нақты жіктелуі тән. Бір мәтін бір, бірнеше хабарлама немесе хабарламаның жартысын беруі мүмкін; бір хабарлама бір, бірнеше мәтіндердің немесе мәтін бөлігінің арқасында берілуі мүмкін; әртүрлі мәтін бір хабарламаға ие болуы мүмкін.

Аударманың ақпараттық теориясындағы бастапқы мәтін аударманың лингвистикалық теориясындағыдай трансформация нысаны ретінде емес, түрлі ақпарат тасымалдаушысы ретінде қарастырылады. Сонда аударма үдерісінің өзі де тілралық трансформация ретінде емес, ақпаратты жеткізу мен іздеу ретінде түсіндіріледі. Р.К.Миньяр-Белоручев ақпараттың келесі түрлерін ажыратады: фондық ақпарат, шу, семантикалық және жағдаяттық ақпарат, олардың тіркесі айтылымның мағынасы және құрылымы жөнінде ақпарат беріп, коммуникантқа қосымша эстетикалық әсер етеді.

Бірақ бұл аудармашы бастапқы мәтіннің барлық ақпараттық кешенін береді деген сөз емес. Р.К.Миньяр-Белоручев бойынша, аудармада барлық ақпарат емес, жеткізілуге арналған ақпарат, демек, дереккөздің ресми адресатқа жеткізгісі келген ақпараты сақталуы қажет. Осы жеткізілуге арналған ақпаратты ғалым *аударма инварианты* деп атайды. Аударманың ақпараттық теориясының ең маңызды және нәтижелі ережесі – ол аудармада бір тілден екінші тілге өту ақпараттық деңгейде жүзеге асатындығы. Өкінішке орай, бұл тұжырым қазіргі аударма теориясында және аударманы оқыту әдістемесінде де міндетті деңгейде ассимиляцияланбағандығын айтуға тура келеді.

Баламалық деңгейлері теориясы.

Бұл теория мәтін мазмұнынан ақпарат сипаттамасы бойынша ерекшеленетін бірнеше деңгейлерден тұрады. Ол баламалылық қатынас бастапқы және аударма мәтіндердің аналогтік мазмұнына сәйкес деңгейлерінің арасында болады. Заңды сәйкестіктер теориясын, семантикалық-семиотикалық үлгіні және жағдаяттық үлгіні аударма туралы ғылыми түсініктердің біртұтас жүйесіне біріктіруге тырысқан В.Н. Комиссаров баламалылық деңгейінің теориясын жасаған болатын. Бұл теория Ресейде және шетел ғалымдары арасында қолдау тапты. Баламалылық деңгейлері теориясының негізінде Л.С. Бархударовтың тұжырымдамасы [10] бойынша, түпнұсқа мен аударма арасындағы мағыналық жақындық ауыспалы шамада болатындығы көрініс тапқан. В.Н.Комиссаров түпнұсқа мәтіндері мен аударма арасындағы баламалылық қатынастардың келесі түрлерін ажыратады:

1. Түпнұсқа мен аударма мазмұнының ең төменгі дәрежесімен сипатталатын қарым-қатынастың мақсаты деңгейіндегі баламалылық.
2. Екі мәтінде де бір мәселе жайында айтылғандықтан, әр тілдегі мәтіндер мазмұнының ортақтығының сәл жоғары деңгейімен сипатталатын жағдаятты сипаттау деңгейіндегі баламалылық.
3. Қарым-қатынас мақсатының ортақтығы мен жағдаяттың ортақтығы ғана емес, сонымен қатар бастапқы мәтіндегі жағдаятты сипаттаған ұғымдар сақталатын жағдаятты сипаттау әдісі деңгейіндегі баламалылық.
4. Жоғарыда аталған жалпы бөліктерге түпнұсқа мен аударманың синтаксистік құрылымдарының инварианттылығы қосылатын сөйлеудің құрылымдық ұйымдасуы деңгейіндегі баламалылық.
5. Түпнұсқа мен аударма арасында болуы мүмкін емес мағыналық ортақтықтың ең төменгі дәрежесі – сөздік таңбалардың семантикасы деңгейіндегі баламалылық [11].

Осындай жолмен В.Н.Комиссаров бастапқы мәтін аударма мәтінге салыстырмалы түрде болатын семантикалық жағдайдың эмбебап теориясын жасап шығарды. Бұл құрамдардың әрқайсысына тән өзінің лексикалық-семантикалық трансформациялары бар. В.Н.Комиссаровтың аудармашылық қызметінде аудар-

маға тіларалық өзгертулер ретінде жеке лингвистика тұрғысынан қараудың когнитивті әлеуеті қолданылған деп айтуға болады.

Әскери аударма теориясы.

Әскери аударма теориясы Г.М.Стрелковскийдің еңбектерінде [12] толықтай көрініс тапқан. Мұнда ол аударманың функционалды-прагматикалық концепциясының нақты жанрлық манифестациясын білдіреді. Автор әскери аударма теориясының негізгі ұғымдарын енгізеді (ақпарат және хабарлама, аударма және транслят, хабарлама, хабарлама инварианты және аударма инварианты, айтылым мағынасы және коммуникативтік міндет және т.б.), әскери аудармашы қызметінің функционалды-семантикалық үлгісін ұсынады, әскери мәтіндер жанрының толықтай жіктелмесін береді, әскери терминологияның аударылу мәселелерін, қысқартулардың мағынасын ашу және анықтамалықтар мен сөздіктермен жұмыс жасау мәселелерін ашады.

Г.М.Стрелковский аударма нұсқаларын таңдауда аудармашылық өзгертулердің себебін анықтайтын факторларды шектейді. Біріншісіне ол бастапқы тіл мен аударма тіл жүйелерінің арасындағы объективті қатынастарды, коммуникативтік міндеттер бөліктерін ескере отырып жеткізілетін хабарлама мағынасын, хабарламаны қабылдаушының апперцепциялаушы мүмкіндіктерін ескеруді (жеке тезаурус, әлемді қабылдау, әлеуметтік факторлар), көркем аудармада аудармашының психологиялық ерекшеліктері мен оның мәтінді эстетикалық және көркем шығарма түрінде қабылдай алу қабілеттілігін жатқызады.

Г.М.Стрелковскийдің ойынша, аудармашылық өзгертулердің себебіне ұғымдар көлемінің сәйкес келмеуі немесе әртүрлі халықтың ұғымдар жүйесінің алшақ болуы, аударма тілі нормаларын сақтау қажеттілігі, бастапқы тіл үлгісі бойынша аударма тілінде сөздердің тіркесу мүмкіндігінің болмауы, аударма тілінің стилистикалық нормаларын сақтау қажеттілігі, қалыптасқан тілдік дәстүр немесе сөздерді қолданудың белгілі бір қабылданған түрі жатады.

Машиналық аударма теориясы.

XX ғасырдың ортасында аударматанудың арнайы нысаны – электронды есептеу машинасын (ЭЕМ-ді) пайдалану арқылы аударма жасаудың, демек, машиналық аударманың пайда болуына байланысты – машиналық аударма мәселесін зерттейтін машиналық аударма теориясына, соның ішінде, бір жағынан, көптеген машиналық аударманың «қағаз алгоритмін» жасап шығарушылардың И. Бар-Хилелле [13], И.А. Мельчук [14], И.И. Ревзин, В.Ю. Розенцвейг [3] және тағы да басқалардың сипаттама еңбектерінде және екінші жағынан, Ю.Н. Марчуктің [15] жетекшілігімен және тікелей қатысуымен орындалған бүкілодақтық еңбектерде, Р.Г.Пиотровскийдің [16] жетекшілігімен және тікелей авторлық қатысуымен орындалған еңбектерде, К.Б. Бектаевтың [17], А.Н.Беляеваның [18], Л.Л.Нелюбинның [19], А.К. Жұбановтың [20] және тағы да басқалардың монографиялық жұмыстарында көрініс тапқан машиналық аудармаға деген қажеттілік туындады.

Аударманың коммуникативті-функционалды теориясы.

З.Д. Львовскаяның [21] аударманың коммуникативті-функционалды теориясының негізгі мәселесі тілдік мағыналар мен сөйлеу мәні ұғымдарының ауқымын шектеу және олардың өзара байланысы болып табылады. Аудармашы қызметінің мәні екітілді коммуникация үдерісінің негізін құрайтын ақпаратты бірнеше рет қайтадан кодтау тізбегіндегі басты орнымен анықталады: мән – мағына – мән – мағына – мән. Аудармада сөйлеу қарым-қатынасының нақты сөйлеу жағдаятын құрастыратын объективті және субъективті факторларды ескеру қажет. Сөйлеу жағдаятының форманттары ақпараттық мазмұны тұрғысынан да, коммуникация үрдісінде орындайтын қызметі тұрғысынан да бір мағыналы емес. Айтылым авторының мақсаты мен себебінің өзара байланысын автордың коммуникативті міндеттері анықтайды. Себеп пен мақсат өз кезегінде сөйлеу жағдаятының барлық форманттарының өзара қатынасының нәтижесі болып табылады: мәтін авторының тұлғасы, сөйлеу пәні, қарым-қатынастың орны мен уақыты, коммуникациядағы серіктестің тұлғасы. Дегенмен, ол өзі сөйлеу жағдаятын, коммуникативті міндетін құрастыратын факторлар әсерінен пайда болады да, айтылымда «материал» бола отырып, алдағы дамуын болжай алатын сөйлеу жағдаятының формантына айналады. Мәтіннің мағыналық бөліктері – оның прагматикалық және семантикалық құрылымдары. Бұл құрылымдар сөйлеу жағдаятымен анықталады, өйткені дәл осы жағдаят сөйлеу әрекетінің себебі болып табылады.

З.Д. Львовскаяның ойынша, аудармашылық трансформациялардың көптеген себептері лингвистикалық және экстралингвистикалық сипатқа қатысты. Аударма барысындағы өзгертулердің лингвистикалық себептері бастапқы тіл мен аударма тілінің әртүрлі жүйесімен, нормаларымен және тұрақты қолданыстармен байланысты. Экстралингвистикалық себептер түпнұсқа авторы мен аударма адресатындағы мағына мен тәжірибенің айырмашылығын көрсетеді. Формалды аудармашылық өзгертулерге себепші болатын факторларға жалпы аудармашылық таңдауға әсер ететін факторлар қарсы тұрады, себебі соңғы жағдайда формалды факторлар басты емес, бұл – мағыналық және формалдық факторлардың өзара әрекеттесуі. Аударма үдерісінің негізгі ұстанымы және соған сәйкес аударманың түпнұсқаға адекваттылығының басты критерийлері ретінде З.Д. Львовская бастапқы тілдегі және аударма тіліндегі мәтіндердің коммуникативті-функционалдық тепе-теңдік ұстанымын қарастырады.

Аударманың семантикалық-семиотикалық үлгісі.

Бұл теория – Л.С.Бархударовтың аударманың семантикалық-семиотикалық үлгісін жасаған еңбектеріне сүйене отырып, бастапқы және аударма тілдерінің таңбалары мен құрылымының өзара байланысының жалпы типологиясын құрған Я.И.Рецкердің көзқарасының одан әрі дамуының көрінісі. Аталған үлгіге сәйкес мәтіннің жалпы мазмұнында оның жеке-денотативті, сигнификативті,



ішкі лингвистикалық және прагматикалық бөліктері көрсетіледі. Ғалым алғаш рет бастапқы мәтіннен аударма мәтінге өту барысында түпнұсқаның мазмұны толық сақталмай, тек кейбір бөлімдері ғана сақталатындығын көрсетті. Одан әрі Л.С.Бархударов бастапқы тілдің жоғарыда аталған мазмұндық бөліктерінің кезекпен берілу ретін зерттеу мәселесі ретінде көтерді.

Аударманың функционалды-прагматикалық (динамикалық) үлгісі.

А.Д. Швейцерді [22] жалпы аударманы коммуникативтік тұрғыдан зерттеудің және функционалды-психологиялық аспектілер туралы зерттемелердің негізін салушы деп атауға болады. Аударманың инварианты ретінде мәтіннің функционалды доминантасы туралы ой А.Д.Швейцерге тиесілі, ол «динамикалық» деп атаған аударма тарихындағы алғашқы аударманың функционалды-прагматикалық үлгісін жасады. А.Д.Швейцер аударманың тілдік және тілден тыс детерминанттарының қандай да бір үйлесімі негізінде аудармашының шешім қабылдау үрдісін сипаттайды.

Ғалымның ойынша, аудармашының шешім қабылдау үрдісі екі негізгі кезеңнен құралады: 1) аударма стратегияларын жасау; 2) осы стратегияның нақты тілде жүзеге асуы (бұған әртүрлі нақты тәсілдер – аударма технологиясын құрайтын «аудармашылық трансформациялар»).

А.Д. Швейцердің концепциясындағы аударманың лингвистикалық теориясының толықтай зерттелуімен байланысты (яғни аудармаға лингвистикалық тұрғыдан қарау) өзіндік бір қондырғы болып табылатын аударманың бірінші кезеңі зор қызығушылық тудырып отыр. Осы күнге дейін аударма нысанынан тыс болып келген бұл кезеңнің бар болуы аудармашы қызметінің операциялық құрылымын тиянақты және мақсатты етеді. Мысалы, аударма стратегиясын жасауда сөзбе-сөз аудармаға жақындайтын немесе, керісінше, түпнұсқаның формалды құрылымынан алшақтап, еркін аудармаға жақындайтын кездер болуы, тақырыптық нақты аудармаға көп көңіл бөлінуі мүмкін.

А.Д. Швейцер бойынша, стратегияны құруға түпнұсқа аспектілеріне қатысты шешімдерді қабылдау, яғни аудармашының аударманың басымдылық шкаласын қабылдауы да жатады. Демек, аударма стратегиясының шешіміне тағы бір таңдау кіреді, мысалы, жергілікті колориттің экзотикалық бөлшектерін және дәуір колоритін асқан дәлдікпен беру немесе мәтіннің тарихи ерекшелігіне терең бойлау үшін одан бас тарту.

А.Д. Швейцердің аударманың семиотикалық концепциясында семиоздың үш өлшемі баламалылық деңгейінің семиотикалық типологиясын құрайды: аударма үдерісіне әсер ететін прагматикалық факторлар -жіберушінің коммуникативті интенциясы, қабылдаушыны нақтылау, қабылдаушыны коммуникативті нақтылау.

А.Д. Швейцер аударылымпаздықты абсолютті емес, қатыстық ұғым деп түсіндіреді. Аударма үдерісінде контекст пен қарым-қатынас жағдаяты құратын мағына инвариант болып қалады. Дәл осы тілдік контекст пен қарым-қатынас

жағдаяты мағыналар арасындағы теңсіздікті бейтараптандыру немесе, басқаша айтқанда, бір мағынаны жеткізу үшін әртүрлі сөздерді қолдану мүмкіндігін береді. Тілдік қатынастардың ең күрделілерінің бірі бола отырып, аударма А.Д. Швейцер тұжырымдамасында аударма стратегиясын анықтайтын өзара байланысқан филтърлерді құрайтын көптеген тілдік факторларға негізделген. Бұл факторларға екі тілдің жүйесі және нормасы, екі мәдениет, бірінші және екінші кезектегі екі коммуникативті жағдаят, пәндік жағдаят, бастапқы мәтіннің функционалды сипаттамасы, аударма нормасы жатады. Бұл жердегі орталық орын аударма детерминанттарынан келіп түсетін күштің шоғырланған нүктесі болып табылатын мәтінге беріледі. Сонымен қатар, ол алғашқы және екінші кезектегі коммуникативті жағдаяттарды анықтайды.

Аударманың герменевтикалық үлгісі.

А.Н. Крюковтың [23] герменевтикалық үлгісінде аударма түсіну заңына бағынады: аударма түсінуден басталып, сонымен аяқталады. Аударма мәтінді шет тілді қабылдаушыға бейімдей отырып, аудармашы түсінген нәрсесіне қайтадан түсінік жүргізеді. Екінші рет түсіну үдерісі – айтылымның нақты тілдік айналымдарын басқаратын, жаңа рөлдік және әлеуметтік психологиялық құрылымдарды ескере отырып, интенциядан объективті тілдік мағынаға қарай жүретін интенционалданған мағынаны алдын ала синтездеу. Аударманың герменевтикалық теориясы аударма үдерісінің мән-мағынасын мәтіннің екінші рет туылуымен түсіндіретін интерпретациялық түсіндірмемен байланыстырады.

Аударманың трансформациялық үлгісі.

Американдық ғалым Н. Хомскийдің ядролық құрылым туралы зерттемесін пайдалана отырып, Ю. Найда аударманың трансформациялық үлгісін түпнұсқаның құрылымдық бөліктерін талдау (айтылымды түпнұсқа тілінде қабылдау және қорыту), кері трансформациялау (осы айтылымды бастапқы тілдің ядролық құрылымына айналдыру), тасымалдау (бастапқы ядролық құрылымға шет тілдік сәйкестікті іздестіру) және қайта құру (аударма тілінің ядролық құрылымын ашық айтылымға трансформациялау) деп түсіндіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гак В.Г., Львин Ю.И. Курс перевода: Французский язык. – М., 1970.
2. Гак В.Г., Григорьев Б.Б. Теория и практика перевода. Французский язык. – М., 2001.
3. Ревзин И.Н., Розенцвейг В.Ю. Основы общего и машинного перевода. – М., 1964.
4. Nida E. Toward a science of translating. – Leiden, 1964.
5. Хомский Н. Язык и мышление. – М., 1972.
6. Жинкин Н.И. Механизмы речи. – М., 1958.
7. Ширяев А.Ф. Пособие по синхронному переводу. – М., 1982.



8. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика: Очерки лингвистической теории перевода. – 2-е изд., стер. – М., 2007.
9. Миньяр-Белоручев Р. К. Общая теория перевода и устный перевод. – М., 1980.
10. Бархударов Л.С. Язык и перевод: Вопросы общей и частной теории перевода.. – М., 1975;- 2-е изд. – М., 2008.
11. Комиссаров В.Н. Слово о переводе. – М., 1973; Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. – М., 2002.
12. Стрелковский Г.М. Теория и практика военного перевода. – М., 1979.
13. Бар-Хилелле И. Будущее машинного перевода // Научные доклады высшей школы. – Филологические науки. – 1962. – №4. – С.203 –206.
14. Мельчук И.А. Работы по машинному переводу в СССР // Вестник АН СССР, 1959. – №2. – С.43-47; Мельчук И.А. Опыт теории лингвистических моделей «Смысл-текст». – М., 1974.
15. Марчук Ю.Н. Методы моделирования перевода. – М., 1985.
16. Пиотровский Р.Г. Текст, машина, человек. – М., 1975.
17. Пиотровский Р.Г., Бектаев К.Б., Пиотровская А.А. Математическая лингвистика. – М., 1977.
18. Беляева А.Н. Применение ЭВМ в лингвистических исследованиях и лингводидактике. – Л., 1986.
19. Нелюбин Л.Л. Компьютерная лингвистика и машинный перевод / Гос. Ком. СССР по науке и технике. – М., 1991.
20. Жубанов А.К. Основные принципы формализации содержания казахского текста. – Алматы, 2002; Жұбанов А. Автоматты (машиналық) аударма // Компьютерлік лингвистикаға кіріспе. – Алматы, 2007.
21. Львовская З.Д. Теоретические проблемы перевода (На материале испанского языка). – М.: Высш. шк., 1985; Львовская, З. Д. Современные проблемы перевода. – М., 2008.
22. Швейцер А. Д. Перевод и лингвистика. – М., 1973; Швейцер А.Д. Теория перевода: Статус. Проблемы. Аспекты. -2-е изд. – М., 2009.
23. Крюков А.Н. Теория перевода. – М., 1989.

Орынай Жұбаева

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Грамматика бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНЖҮЙЕНІҢ КОГНИТИВТІ СИПАТЫ

Бүгінгі таңда адам факторы өзекті болуына байланысты тілді антропоэлектік тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Мұнда адам екі түрлі бағытта сипатталады: 1) адамның тілдегі көрінісі; 2) адамның тілді тұтынуы. Бірінші бағытқа сәйкес адамның дүниетанымы байқалады. Мысалы, адамның соматикалық бейнесін концептуалдау нәтижесінде адамның физикалық қабілеті, зияткерлік (интеллектуалдық) қабілеті, эмоциясы, әлеуметтік «мен»-і көрінеді, адам сөйлеу-ойлау әрекетіне қатысушы тұлға ретінде танылады. Тіл ойды жарыққа шығарумен қатар таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отырады. Білім алдымен тілдік семантикада кодталады. Тілді когнитивті тұрғыда зерттеуде болмыс туралы білімнің қалай берілетіні, оның өзіндік ерекшелігі айқындалады.

Концептуалды мазмұн мен тіл екі жақты байланыста болады. Концептуалды мазмұнды тілдің көмегінсіз сипаттау мүмкін емес. Себебі санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алады. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы: «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», – деп жазады [1, 341].

Адам бейнесі тіл семантикасында көрініс табады. Бұл орайда адамның өзі емес, адамның тілдегі бейнесі ерекше маңызды болады. Тілді зерттеу арқылы адамзат өзін өзі танып, түйсінеді. Адам алған әсерін өзі арқылы сипаттайды. Бұл орайда Қ.Жұбанов тұжырымдары назар аударарлық: «Адам баласының табиғатында әуелі басқаны біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар. Мысалы: адам фотографияны танып білгеннен кейін ғана өзінің басқа заттарға ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата атайтыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен. Мысалы, *орысша небо – аспан, небо – таңдай* [2, 119].

Ақиқат болмысты танып-түсіну нәтижесінде жинақталған ақпарат тілде көрініс табады. Ғаламның тілдік бейнесі *негізінен субъективті* сипатта, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы **белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады**. Когнитивті қызметінің нәтижесінде тіл адамның қоршаған орта туралы

әсерін жинақтаумен қатар халықтың зерттеушілік ойларын да жеткізіп, халықтың ұжымдық, этномәдени санасында қалыптасқан ғалам бейнесін сақтайды. Мысал ретінде *қабырға* сөзінің семантикалық дамуын алуға болады. *Қабырға* сөзінің әу бастағы мағынасы – «адамның, жануарлардың омыртқа жүйесіне бекіген сүйектер». Яғни, өкпе-бауыр, жүрек, бүйрек т.с.с. ағзамыздың жұмсақ мүшелерін қоршап тұратын сүйектер. Халықтың ұғымындағы *қабырға* сөзінің «қоршау» мағынасы *үйдің қабырғасы* деген қолданыста да сақталған. Сол сияқты геометрия термині ретінде («геометриялық фигуралардың қыры») қалыптасуына да осы мағына негіз болған. Семантикалық даму барысында *қабырға* сөзі «қорғаныш» мағынасына негіз болған: «қабырғаммен кеңесейін» деген қолданыста адам өзіне жаны ашитын, өзінің тілеуін тілейтін адаммен ғана кеңеседі. Оны жақтырмайтын, ұнатпайтын, жаны ашымайтын адаммен ақылдаспайды. Ендеше, бұл жерде де *қабырға* сөзінің «қорғаныш» мағынасы сақталған.

Әрбір сөйлеуші мәдениетті жеткізуші болып табылады, тілдік таңбалар мәдениет таңбасы ретінде де қолданылып, ұлттық мәдениеттің ерекшелігін білдіреді. Мәселен, қазақта алыс жолға шыққан адамның қайда бара жатқанын сұрамайды: *Жол болсын! Әлей болсын!* деп амандасады. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы: «Біз қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», – деп жазады [1, 369]. Сол сияқты сөйлеушінің ойын дұрыс жеткізуі ғана емес, тыңдаушының оны дұрыс түсініп, дұрыс қабылдауының да коммуникация үшін маңызы ерекше. Қ.Жұбанов коммуникацияның дұрыс жүзеге асуы үшін сөйлеушінің тілдік бірліктерді дұрыс таңдап қолдана білуі, сондай-ақ тыңдаушының айтылған хабарды дұрыс ұғынып, түсінуі қажет екенін айтады: «*Танымадық* – дегеннің мәні: «танымай тұрмын, өз жөніңіз қалай еді?» «Кім едіңіз?» дегенге келіп саяды. Ал біреуге «*Жол болсын!*» дегенде алғыс айту, тілегін тілеу емес, «Неғып жүрген адамсың?» дегендей сұрау жатыр»... [2, 71-72]. Яғни, коммуникация сәтті болуы үшін сөйленім әрекетінің субъектілері – сөйлеуші мен тыңдаушы, қабылдаушы атадан балаға беріліп отыратын кодтарды меңгеріп қана қоймай, дұрыс қолдана білуі қажет.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, грамматикалық мағынаның сипаты т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ғалым тіл мен ұлттық ділдің өзара қатысы туралы былай дейді: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я

ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [1, 142 б.].

Ғалым еңбектерінде «зат есім» метаконцепті «нәрсе» концепті тұрғысынан айқындалған. Зат есімге берген анықтамасында ғалым былай дейді: «Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды» [1, 160]. А.Байтұрсынұлы зат есім мен сын есімнің айырмашылығы ретінде зат есім нәрсені атаса, сын есім нәрсенің сынын білдіретінін айтады. Ғалым зат есім мен сын есімді жіктеуде жалпы грамматика, түсінік, ұғым сияқты логикалық категориялар қағидаттарын негізге алған. Бұл ғалымның сан есім, есімдік, етістіктерге берілген анықтамаларында да айқын көрініс тапқан.

Қазақ тіл білімінде термин мәселесі XIX ғасырда жарық көрген «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Тәржіман» т.с.с. басылымдарда Д.Сұлтанғазин («Біздің қазақ тілі туралы 5-6 ауыз сөз», «Түркі лұғатдары турада»), Ж.Көпеев, сондай-ақ А.Құрманбаев, Р.Дүйсенбаев т.б. мақалаларында сөз болады. Кейін XX ғасырдың басында термин өзекті мәселелердің бірі ретінде ғылыми тұрғыдан дәйектеліп, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы еңбектерінде өзіндік ұстанымдар қалыптасты. Ұлт көсемі – А.Байтұрсынұлы: *«Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз»*, – деп жазғанындай, ұлт зиялылары жаңа атауларды ұлт ұғымына жанастырып, түсінікті етуге тырысты. Ұлттық терминология аударма мәселесіне Ә.Бөкейханұлы да ерекше көңіл бөлген. Ғалым «Еңбекші қазақ» газетінің 4-бетінде «Кітап сыны» деген айдармен аударылған еңбектерге сын пікірін білдіріп отырған. Мәселен, Абдолла Байтасұлының профессор Ю.Вагнерден «Жануарлар туралы әңгімелер», профессор Гейкіден аударған «Пізійкелік жағырапыйа» атты кітабына, Мұхтар Әуезовтің Ю.Вагнерден «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер», Қ.Ысмағұлұлының профессор Вагнерден «Әуе туралы әңгіме», Ешмағамбетұлының М.Томскийден «Ресейде кесіпшілер қозғалысы» деген аудармаларының тіліне, терминдердің қолданысына қатысты өзіндік пікірін білдіріп, еңбектердің маңызы мен мазмұнын сөз еткен. Ғалым аударманың қарапайым халықтың түсінуіне жеңіл болу жағына баса көңіл бөлу керектігін, түпнұсқадағы күйінше алу оқушыға түсініксіздеу болатынын ескертеді. Мәселен: суық жерде тұрған стаканның жылы жерге әкелгенде терлейтінін айтудың орнына қыстыгүні далада жатқан балтаны жылы үйге әкелгенде, терлеп қоя беретінін мысал етіп келтіру, зырылдауықтың орнына

допты мысалға келтіру, «резеңке доп» дегеннің орнына «үрген қуық» деп алу қазақ оқушысына әлдеқайда түсінікті болатынын айта келіп: «Орыстың кітабын қазаққа деп өзгерткенде Крыловтың басына тымақ киігізген Ақыметті ұмытпау керек. Қазақ түсінбейтін жерін, қалам тасырқап өткелден өткізе алмаса, тастап кету керек...», – дейді [3].

А.Байтұрсынұлы терминдердің уәжділік сипатына ерекше мән бергені байқалады. Мәселен, көмекші етістіктердің үш түрін көрсетіп, оларды өз ішінен: а) құр көмекші; ә) күй көмекші; б) ій көмекші деп жіктейді [1, 92]. Ғалым *е- (емек)* етістігін үнемі көмекшілік қызметте жұмсалудың нәтижесінде етістік мәнінен айрылып, жұрнаққа (жалғаулыққа) айналып бара жатуына, әбден ій болып кетуіне байланысты «ій көмекші» деп бөлек жіктейді. Сондай-ақ амалдың қалып-күйін білдіруіне байланысты *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерін бөлек топтастырып (күй көмекші), *бар, ал, бер, кел, кет, көр, өт, таста, қал, қой* сияқты көмекші етістіктерді бір бөлек береді. Мұнда көмекші етістік тобының әрқайсысын дөп басып анықтауымен қатар, оларға атау бергенде де уәжділік ұстанымдарды негізге алған.

Бұл салт, сабақты атауларын қолдануында да байқалады. *Сабақты* сөзінің мағынасы сөздікте: «Инеге өткізілген жіп, жіп тағылған жіп» [4, 511] түрінде берілген. Яғни, сабақты жіп болуы үшін ол иненің көзінен өткізілуі тиіс. Бос жатқан, инеге өткізілмеген жіп сабақты ине деп аталмайды. Ал сабақты етіс болуы үшін ол табыс септік тұлғалы сөзді (нысанды, объектіні) керек етіп тұруы керек. *Салт* сөзінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Жеке, жалғыз, бір өзі» [4, 640] түрінде сипатталған. Сол сияқты салт етіс те табыс септік тұлғасындағы тура толықтауышты керек етпейді. Бұл тұрғыдан алғанда, ғалымның атауларды пайдалануда қазақ тілінде бұрыннан бар сөздердің мағынасын кеңейте отырып, оған жаңа мән үстегені әрі бұл орайда ұлттық дүниетанымды негізге алғаны байқалады. Осыған байланысты профессор Қ.Рысалды: «Етістіктердің сабақты, салт түрлері атауларының мотивациялық негізделуі өте тереңде жатыр, атаулар осы етістіктердің мән-мағынасын дәл анықтайды. «Сабақтас» атауы «сабақтау» (инені сабақтау) етістігінен туынды түбір тұлғасында жасалған болуы керек, «салт» атауы «салт атты» тіркесіндегі «салт» сын есімінен терминге айналып, етістіктердің жалпы категориялық мағынасын айқын беріп тұр», – дейді [5].

Терминдердің қазақ түсінігіне жеңіл болуы, уәжділік ұстанымдарына А.Байтұрсынұлының ізбасарлары да ерекше мән берген. Оны Қ.Кемеңгерұлының мына сөздерінен де байқауға болады: «...Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасқан пікір. Күйіміз жетсе, шамамыз жетсе, қазақшаландырып алуымыз керек. Мәселен, *геометрияны* қазаққа *геуметрие* десең, көзіне түк елестемейді. Ал *пішіндеме* десең, қазаққа таныс, көзіне елестейді. Сондықтан терминдерді қазақша алуға дауласуға мән жоқ.

Бұл ұстанымды сол кездегі оқулықтардың авторлары да басшылыққа алған. Мұрағат деректеріне зер салсақ, Ә.Бөкейханұлы география, Е.Омаров, Қ.Сәтбаев алгебра, М.Жұмабаев педагогика, Ж.Аймауытов дидактика, Ф.Ғалымжанов физика, Б.Сәрсенов геометрия, И.Тұрғанбаев арифметика, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану, химия пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударған [6]. Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра» атты оқулығынан бүгінде түпнұсқа күйінде беріліп жүрген көптеген терминдердің баламасын табуға болады: формула – *өрнек*, теорема – *түйін*, числитель – *жарнақ*, диаметр – *өре*, рациональная величина – *өлшемді шама*, иррациональная величина – *өлшемсіз шама*, квадратное уравнение – *шаршылық теңдеу*, биквадратное уравнение – *қос шаршылы теңдеу*, сопряженные числа – *түйіндес сандар*, прогрессия – *дәуірлеу*, коэффициент – *сан өсіргіш*, функция – *берне*, тождество – *бірдейлік*, приближенный корень – *жуықтас түбір*, корень с недостатком – *олқы түбір*, мнимые числа – *күмәнді сандар*, кратное – *бөлінбе*, предыдущие члены – *ілгері мүшелер* т.с.с.

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде термин (пән сөзі) мәселесі арнайы сөз болады. Онда Елдес Омаров баяндама жасап, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, М.Тұрғанбайұлы т.б. қоштап сөз сөйлейді. Осы съезде жасаған баяндамасында Е.Омаров былай дейді: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» [7].

Қазақ оқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі ұстаным болған. Съезде сөйлеген сөзінде де, «Жат сөздер туралы» деген кітапшасында да Н.Төрекұлов түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ «делдалсыз тура аурыпадан алуды» ұсынады да *бибауырмал* дегеннің орнына *интернационал*, *тарих* сөзінің орнына *история*, *тарихшы* сөзінің орнына *историк* деп қолдану керектігін айтады. Сонымен қатар М.Қайыпназарұлы да осы ұстанымды негізге алып, жат сөздерді «өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» – дейді. Ал ұлттың болашағын ойлаған Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды ғалымдар бұл ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шығады. Осыған байланысты Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – десе,

А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – дейді [8].

20-жылдарда орыс тілінен енген сөздерді қабылдап, тұрақтандыруда мынадай қағидалар болған деп түйіндейміз:

а) орыс тілінен енген сөздерді жазуда осы уақытқа дейін тілімізде араб-парсы және бұрынырақта орыс тілінен енген сөздерді үлгіге алған.

ә) сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталған. Сол себепті *комиссариат – кемесерет, тема – теме, курсант – күрсент, губерния – гүбірне, конференция – кәнперенсе, лекция – лексіе* түріне ауысқан.

б) бастапқы буындары езулік, соңғы буыны езулік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндік бастапқы буындарға ауысқан не мүлде жойылып, езулікке айналдырылған: автор – аптыр, срок – сұрык т.б.

в) орыс тіліндегі **ф** орнына **п**; **г** орнына – **ж**; **h, x** орнына жуан сөздерде **к**; жіңішке сөздерде **к, ц** орнына **с, в** орнына **у**; **щ** орнына **ш** қолданылған. Мысалы: *физика – пізііке, география – жағырапа, химия – кіміік, техник – текнік, станция – станса, Москва – Мәскеу* т.б.

г) сөздің соңы **а** дыбысына бітсе, ол түсіп қалған: *аптека – аптек, фабрика – пабірік, награда – награт*. Жер атауларындағы соңғы **а** дыбысы үндесіміне қарай **ы, і** болып өзгерген: *Европа – Жаурыны, Африка – Әпірікі, Азия – Әзііе* т.б.

д) орысшада **тр**-ға біткен сөздерде **т** мен **р** арасына **ы, і** дыбыстары кіргізілген: *тыйатыр, метір* т.б.

е) орыс тіліндегі **-тор-** ға біткен сөздерде ол **-тыр/-тір, -тұр/-түр** болып өзгерген: *тырақтыр, доқтұр, карректір* т.б.

ж) **ка**-ға біткен орыс сөздерінің соңы көбінесе **-ке** түріне ауысқан: *справка – ысрырабке, музыка – муузііке, техника – теқнііке* т.с.с.

з) орыс тіліндегі **-ок** қосымшасы қазақ тілінде **ке**-ге өзгерген: *участок – ұушаске, список – іспеске* т.б.

и) орысшада аяғы **-ция**-мен тынған сөздерде оның орнына **-са/-се** жазылған: *милиция – мелетсе, станция – станса* т.б.

XX ғасыр басында тіл тазалығын ту етіп көтеріп, тіл заңын бұзбауға шақырған А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, А.Байтасұлы, Қ.Кемеңгерұлы т.б. білімпаздар жат тілден жұрнақ қабылдауға қарсы болды. Мәселен, «Қазақша жазу жайы» деген «Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше санында жарық көрген көлемді мақаласында Е.Омаров тіл заңын бұзбау қажеттігін айта келіп: «Орыстың «сатсыйализм», «сатсыйалист» деген сөздері – жалпы жұртқа ортақ сөз. Оны қазақ тіліне кіргізуге де болады. Бірақ оны алғанда, түбірін ғана алыб, «изм», «ист», «ни»; сықылды жұрнақтарын шығарыб тастау керек. Олардың орнына қазақ тілінің жұрнақтарын қосыу керек: жұрнаққа қазақ тілінен бай тіл кем-ақ болар. Өзінде үйір-үйір жұрнақ бола тұрыб, жат жұрнаққа жармасыудың тіл бұзыудан басқа түк пайдасы болмайды», – дейді [9].

1924 жылғы білімпаздар съезінде Е.Омаров қазақша пән сөздер тақырыпты баяндамасында жұрнақтарды мағынасына қарай *тұрлаулы (-лық, -шы, -шыл, -лы, -сыз, -уыш)* және *тұрлаусыз (-к, -н, -ақ)* деп жіктейді де, жана сөз жасауда, негізінен, тұрлаулы жұрнақтарды пайдалану керектігін айтады. Қ.Кемеңгерұлы да бұған айрықша назар аударған. Ғалым А.Байтұрсынұлы топтастыруын басшылыққа ала отырып, жұрнақтарды мән-мағынасына қарай (қимылдың амалын, құралын, нәтижесін білдіру, адамның бір іске бейімділігін көрсету т.б.) жіктейді. Қазақ тілі жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, бүгінгі сөздік түзушілер мен орыс топтарына қазақ тілі оқулықтарын құрастырушылар осы ерекшелікке баса назар аударғаны жөн сияқты.

Бұл орайда А.Байтұрсынұлының ұстанымдарын үлгі етуге болады. Ғалым *субстантивтену, адвербиалдану, адъективтену* терминдерінің орнына балама ретінде *затсымақтану, сынсымақтану, үстеусімектену* сияқты атауларды ұсынады. Қазіргі кезде бірқатар әдебиеттерде *субстантивтену* сөзінің орнына *заттану* деген атау беріліп жүр. Алайда субстантивтенген сөз біржола зат есімге айналып кетпейді, осы сөйлемде ғана зат есімнің қызметін атқарады да сөйлемнен (контекстен) тыс бұрынғы қызметіне көшеді. Яғни, осы сөйлемде (контексте) ғана зат есім сияқты көрінеді. Қазақ тілінде мұндай мағына беру үшін **-сымақ** қосымшасы қолданылады (*ақынсымақ, бастықсымақ* т.с.с.). А.Байтұрсынұлы осылайша **-сымақ** қосымшасын пайдалана отырып, сол үлгі негізінде *үстеусімеқ* атауын да жасаған. Әрине, қазақ тілінде **-сімеқ** қосымшасы жоқ (бұл – кірме қосымша болса керек). Алайда ғалым сингармонизм заңдылықтарын негізге ала отырып, *үстеу* сөзіне қосымшаның жіңішке нұсқасын жалғаған. Ғалымның бұл атаулары қазіргі кезде ғылыми айналымға енгізілуі тиіс деп білеміз.

Қазақ тіліндегі жат атаулардың жүйелендіріліп, сөздік ретінде құрастырылуы ХХ ғасырдың басында қолға алынған болатын. «Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше санында тіл комиссиясының хатшысы Әлкей Марғұланның құрастыруымен «Мынау пән атаулары дұрыс па?», «Осы пән атаулары дұрыс па?» деген атаумен терминдер тізімі жарияланып отырған. Сондай-ақ «Жаңа мектеп» журналы мен «Қызыл Қазақстан» газеттерінің бетінде «Қазақстан оқу кемесеретінің білім сексиесі алған пән сөздері», «Ғылым ордасының қазақша ғылыми-әдебиет кеңсесінде қабылданып алынған пән сөздер» деген айдармен әр жылдары жарық көрген терминдер бір салаға ғана емес, бірнеше ғылым саласына тән. 1923-1924 жылдары түрлі сала терминдері «Білім ордасының қазақша ғылыми-әдебиет кеңсесінде қабылдап алынған пән сөздері» деген айдармен «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланып тұрған.

Осы кезде бірнеше сөздік жарық көрді, атап айтқанда: 1925 жылы Мәскеуде 10 000 дана болып басылып шыққан «Қазақша-орысша тілмаш» атты сөздік (сөздік жұмысын басқарған – Кемеңгерұлы Қошке, тізгендер – Кемеңгерұлы Қошке, Байтасұлы Абдолла, Бұралқыұлы Мұстафа, Байғаскин Есім, Дәулетбекұлы Ғаббас, Баймақанұлы Шәкір, Темірбекұлы Сұлтан, Сәрсенбайұлы Төлеутай),



1926 жылы Ә.Үмбетбайұлы құрастырған «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» («Русско-казацкая военная терминология»), 1927 жылы Н.Қаратышқанұлы құрастырған Қазақстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері, 1931 жылы Халық ағарту Комиссариаты Білім кеңесінің термин комиссиясы құрастырған «Атаулар сөздігі» т.с.с.

XX ғасыр басында өзге тілдік сөздерді (терминдерді) қабылдауда төмендегідей ұстанымдар көзделген:

- а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;
- ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;
- б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп еуропа сөзін алу /202/.

Сөздіктерде құрастырушылар да осы ұстанымдарды басшылыққа алған. Олар термин сөздерге негізінен қазақ тілінен балама табуға тырысқан. Мәселен, Н.Қаратышқанұлының құрастыруымен жарық көрген «Пән сөздігінде»: *баррикада – шеп; баркас – еспе кеме; бастион – қорған мұнарасы; батальон – қосын; батарея – зеңбірек қосыны; битва (бой) – соғыс; блокада – қамау; блокгауз – ағаш қорған; боевая линия – әскер желісі; боевое столкновение – жау қағысуы; боевой порядок – соғысқа дайындық; боевой участок – соғыс ауданы; боковой – бүйір, жанама; боковой отряд – жанама жасақ; бомба – бомбы; бомбардировка – зеңбірек астына алу; бомбомет – зеңбірек атушы; борьба – тартыс, талас; борьба за существование – тіршілік таласы; брантфахта – күзетші кеме; военнoслужащий – әскерлік қызметші; военнo-полевоy суд – майдан соты* т.с.с.; «Қазақша-орысша тілмашта»: жаугершілік, жаугерлік - 1) военное время, 2) милитаризм; жауласпақ - 1) враждовать, 2) воевать; жауламақ - идти войной на кого; нарық - рыночная цена; несие - долг, кредит; кіріс - 1) доход, 2) вход; кері салық - регрессивный налог; кесіп капиталы - промышленный капитал; әдіс ғылымы – технология; ақының сапасы – реальная плата; әлем ғылымы – космография; әлеумет ғылымы – социология; айқасым – реакция (психологическая); білдіргіш – справочник; бекет – почтовая станция; тәжірибеқана – лаборатория; тән тіршілігі – физиология; тасу құралы (көлік) – транспорт; тетік ілімі – механика; тетік күш – механическая сила т.б.; «Атаулар сөздігінде»: авангард (войска) – алғы әскер; аванпост – аванпост (алдағы күзетші әскер); авиация – ұшушылық (ұшқыштармен әуеде қалықтау); авиомаяк – әуе мәйегі; авионосец – ұшқышты кеме; авиотранспорт – әуе транспорты; аврора –1) таң сәулесі, 2) көбелек; адмирал – адмирал; арбалет – жақ мылтық; арбитражная комиссия – аралық кәмесие; арест – қамау (тұтқынға алу); арестанты – тұтқындар; арматура – арматыр (аспан); армия – әскер; вневойсковики – саптан тысқарғы әскер; военная конвенция – соғыс шарты; военная наука – соғыс ғылымы; военнoслужащий – әскерлік қызметші; войско – әскер (сап, шеру); войсковая часть – әскер бөлімі; гавань – гауын (кеме ықтырмасы) т.с.с.

Мысалдардан байқап отырғанымыздай, сөздіктерде калька жолы да жиі

қолданылған. Калька төл сөздеріміздің мүмкіндігін арттырғанымен, кейде ұлттық дүниетанымнан алыстап, жасанды, стандарт тіркестердің көбеюіне әкелді. Осыған байланысты «Еңбекші қазақтың» 1930 жылғы 15 қаңтардағы №12 (1617) санында Әліб деген бүркеншік есім иесі: «Осы күні қазақ газеттерінде «сұу асты кеме» деген бір атау қолданылып жүр. Текнікеге жақындаған сайын тіл өседі. Бірақ дайын тіл тұрғанда, тыңнан тіл тауып алыу артық. Қазақ «сұу асты» демейді, «сүңгүүір» дейді. «Сүңгүүір» ұғым жағынан да қолайлы. Бұл кеме сұудың түбіндегі жермен жоғарлап жүрмейді. Сұуда сүңгіб жүреді. Олай болса, дайын тілді қолданыу керек. «Сұу асты кеме» емес, «сүңгүүір қайық» не «сүңгүүір кеме» деб алыу жақсы, – деп жазады [9].

Қазіргі кезде бұл мәселе өзектілігін жоя қоймады. Бүгінде калька жолымен беріліп жүрген көптеген атауларды ХХ ғасырдың басындағы сәтті баламалармен алмастыруға болар еді. Мәселен, *акционерное общество* тіркесіне балама ретінде акционерлік қоғам түрінде қолданылып жүрген атауды *жарналы серіктік* деп қолдануға әбден болатын сияқты. Сонымен қатар «оптом (продавать, покупать)» мәнінде қолданылып жүрген *көтерме сауда* тіркесінің орнына *топтау, топтап сату* немесе *топтау алу* түрінде қолдансақ, мағына әлдеқайда дәл берілер еді. *Көтерме* сөзін Н.Ильминский мен «Қазақша-орысша тілмашта» *комиссионерство* деп берсе, И.Букин сөздігінде *көтерме сауда – аукцион* деп түсіндіріледі. Бұл *көтерме сауда* сөзінің қазақ арасында бұрыннан қолданылғанымен, ол *оптом* сөзінің баламасы болмағанын көрсетеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – дей келіп, «бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аудару» ісін қолға алу, Ұлттық аударма бюросын құру керектігін ескерткен болатын. Бүгінгі таңда аударма ісінде термин, дұрыс, шебер аудару мәселесі әлі де біршама ақсап тұрғаны белгілі. Осыған байланысты терминдерді біріздендіру, дұрыс аудармаға үлгі боларлық дүние ретінде ХХ ғасырдың басында жарық көрген аударма еңбектерді, ұлттық кодтың негізі болатын А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Басымұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов сынды ғалымдардың бұрын-соңды жариялана қоймаған еңбектерін, ХХ ғасырдың басында жарық көрген оқулықтарды жинақтап, ғылыми айналымға енгізу қажет деп білеміз. Мұндай еңбектер аудармашылар үшін үлгі болумен қатар сала мамандары, терминолог ғалымдар, оқулық авторлары, жалпы көпшілік үшін де таптырмас дүние болар еді. Қазақ тіліндегі терминжүйені когнитивтік тұрғыдан зерттеу тілдің ақиқат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы А. Ақжол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581.
3. Еңбекші қазақ. 1925, 22 сәуір.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – XII том. – Алматы, 2011. – 511-б.
5. Жұмсалымды грамматика. – Алматы, 2016. – 508-б.
6. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 285-іс, 18-байлам. 11-12 б.
7. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор, 1925.
8. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 1928. 26 қаңтар.
9. XX ғасыр басындағы қазақ тіліне қатысты зерттеулер (алғысөзі мен түсініктерін жазып, баспаға дайындаушы). – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 640 б.

Бейбіт Исхан

*Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

ТЕРМИНДЕР МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЛЕКСИКАНЫҢ ТІЛДЕГІ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Қоғамдық-саяси лексиканың өзіндік ерекшелігі, басқа сөздерден айырым белгілері, олардың семантикалық топтары деген сияқты т.б. мәселелерге тілші ғалымдардың көзқарастары ортақ. Әдетте олар ондай сөздерге мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесіне және оның жүргізіп отырған саяси-экономикалық саясатына, қоғамдық-әлеуметтік даму үдерісіне қатысты сөздерді жатқызады, оған беретін анықтамалары да бір-бірінен аса алшақ кетпейді.

Б.Момынова өзінің «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика» деген еңбегінде Р.Барлыбаев, Ю.А.Бельчиков [1] және Ю.Д.Дешериев пен И.Ф.Протченколардың [2] қоғамдық-саяси лексикаға туралы ой-тұжырымдарын талдай келе, «Қазақ» газеті материалдары бойынша қоғамдық-саяси лексиканы мынадай топтарға бөліп қарастырады: 1) әлеуметтік-тарихи категориялар мен ұғымдарды білдіретін атаулар; 2) мемлекеттік құрылысты білдіретін атаулар; 3) әкімшілік жүйеге қатысты атаулар; 4) заң, сот жүйесіне байланысты атаулар; 5) саясатқа байланысты атаулар; 6) соғыс, әскери қимылдар мен қару-жаракқа қатысты атаулар; 7) оқу-білім, мәдени салаға байланысты атаулар; 8) дін ұғымына қатысты атаулар [3, 29-30].

Қоғамдық-саяси сөздердің сөздік құрамдағы өзге сөздерден ерекшелейтін өзіндік сапа-белгілері бар. Олар бір қарағанда терминдерге ұқсас болып көрінгенімен, олардан қолданылу аясы, ауқымы, қызметі және жалпыхалықтық сипаты жағынан өзгешеленеді.

Олардың терминдерден ажырататын басты белгілері мынада: термин дегеніміз белгілі бір ғылым мен оның пәніне ғана қатысты болып, солардың ғалымдары мен мамандарының барлығына бірдей түсінікті, бірақ жалпы халыққа түсініксіз сөздер болып келсе, қоғамдық-саяси лексиканы барлық жұрт пайдаланады. Ал терминдерге ұқсайтын жағы, көбінесе, өзге тілдерден дыбыстық-құрылымдық жақтан игерілмей, еш өзгеріссіз ауысып келуінде жатыр. Өзге тілдік сөздер екенін олардың түр-тұрпаты нақты аңғартып тұрады. Осы белгісі оны термин сөздерге ұқсатып-жақындатып, кейбір адамдарды, тіпті қайсыбір тілші-ғалымдардың өзін де шатастырып жатады.

Әлбетте, қоғамдық-саяси лексиканы да экономика, саясаттану, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, тарих сияқты т.б. гуманитарлық бір ғылымға теліп, шартты түрде соларға қатысты терминдер ретінде қарастыруға болады. Сондай-ақ



қоғамдық-саяси лексика белгілі бір саяси-әлеуметтік кезеңде (мысалы: кеңестік билік кезіндегі «колхоздастыру», «қызыл отау», «электірлендіру», «индустрияландыру», «қайта құру», «жеделдету» т.б.) пайда болып, сол кезеңнің дәуірлеп тұрған уақытында кең қолданылып, оның уақыты өткен шағында қолданыстан шығып қалуына орай, «тарихи сөздер (историзмдер)» деген атау алса, керісінше жаңа заманның жаңа лебімен пайда болып жататындары «жаңа сөздер (неологизмдер)» деп те танылады.

Енді қоғамдық-саяси лексиканың қолданылу аясы мен ауқымына келсек, бұл сөздерді тілді тұтынушылардың белгілі бір тобы ғана емес, қоғам мүшелерінің барлығы – өздерінің қажетіне және мүмкіншілігіне (білім-біліктілігіне) қарай тұрмыс-тіршіліктің сан алуан саласында жаппай пайдаланады. Оның жалпыхалықтық тілдегі белсенді қолданысын қалыптастырып, тілде орнығуына жағдай жасайтын салалардың (ғылым, білім беру т.б.) ішіндегі ең негізгісі – бұқаралық ақпарат құралдары. Қоғамда болып жататын сан алуан өзгерістер мен жаңалықтар жаңа ұғым, құбылыс, заттардың атаулары ретінде кез келген тілдің сөздік құрамына, көбінесе, мерзімді баспасөз тілі арқылы енеді. Қоғамдық-саяси сөздер арқылы мемлекеттің ұстанып отырған саясаты мен экономикалық бағыт-бағдары айқындалады. Сол себептен саясаттанушы ғалымдар қоғамдық-саяси сөздерді мемлекет пен қоғамның саяси-экономикалық бейнесін сипаттайтын сөздер деп қарастырса, тілші ғалымдар оларды көсемсөз (публицистика) тілі деп танып, тілдің қоғамдық қызметіне қатысты өз зерттеулерінде басты нысан етіп алады.

Өзгетілдік қоғамдық-саяси лексиканың осындай қолданыс аясы мен ауқымының кеңдігі, осыған орай, қолданысының аса белсенділігі оларды жат тілдік термин сөздерден түбегейлі ажыратады. Және олардың осы сапа-қасиеті тілді бүлдіруде термидерден әлдеқайда күшті болып келеді. Сондықтан да Халел Досмұхамедұлының: «Біздің қазақ-қырғыздың ішінде Аурапа тілдерін жақсы білетініміз аз, көбіміз білмейміз. Аурапа тілдері бізге орыс тілі арқылы жалғасады. Аурапа сөздерін алғанда түбін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек» [4, 151], – деп сонау заманда өзтілдік қоғамдық-саяси сөздердің (ол заманда өзге тілдік терминдер мен қоғамдық-саяси сөздердің тілімізге кіру қарқыны бәсең болатын) сыр-сипаты мен тілге әкелер залалын дөп басып айтқан еді. Демек, дыбыстық-құрылымдық тұрғыдан игерілмей, қазақ тілінің табиғатына бейімделмей алынып, тіліміздің «саясат», «қоғам», «мемлекет», «үкімет», «өкімет», «ояз», «болыс», «уәкіл», «өкіл» сияқты т. б. толып жатқан кірме сөздеріндей бола алмай жүрген өзгетілдік сөздердің қазақша баламаларын дер шағында тауып атау қою немесе қазақы түр-сипат беріп қазақшалау тіліміздің келешегі үшін бүгінде де аса маңызды.

Қоғамдық-саяси лексика – әдеби тіл сөздік құрамының қомақты бөлігін құрай отырып, оның мүмкіншілігін кеңейтеді және сол арқылы оның жан-жақты қызметін қамтамасыз етеді. Оның қалыптасып дамуы тарихи-саяси кезеңдермен,



түрлі экономикалық-әлеуметтік жағдайлармен, жазба әдебиеттің, бұқаралық ақпарат құралдарының дамуымен тығыз байланысты. Әсіресе жазба әдебиет қалыптасып, БАҚ дамып өркендеген кезеңде қоғамдық-саяси лексиканың жалпыхалықтақ қолданысы кеңейіп, қоғамдық қызметі артады.

Қоғамдық дамудың әрбір сатысы тіл тарихына өз ізін қалдырып отырады. Белгілі бір саяси-экономикалық кезеңде (формацияда) тілде пайда болған сөздердің кейбірінің өміршеңдігі қысқа мерзімді ғана қамтыса (историзмдер), енді біреулері ұзақ мерзім бойы қолданыста болады. Ондай сөздердің жалпыхалықтық тілдегі қолданысы аса белсенді болып, күнделікті сөйлеу тілінің лексикасына айналады. Арнайы мән беріп қарамағанда олардың жалпыхалықтық сөздерден айырмашылығын ажырату қиын. Әлбетте, бұндай сөздер тіліміздің төл сөзжасам жүйесі (хан, қараша, қағанат, ұлыс, тайпа, ру, бай, кедей, шаруа, шаруашылық т.б.) бойынша қалыптасады немесе сан ғасырлай бойы ауызша қалыптасқан әдеби тіліміздің дыбыстық-құрылымдық жүйесінің өзіндік ерекшелігіне, табиғи заңдылығына бейімделіп қабылданған кірме сөздер (қоғам, саясат, патша, сұлтан, мырза, болыс, ояз, пошта, поштабай, әкім, әкімшілік, мекеме, кеңсе, қызмет, мәртебе, дәреже т.б.) болып келеді. Бұндай сөздердің кірме сөздер екенін кейде арнайы үңіліп зерттеген адамның да аңғармай қалуы әбден мүмкін. Мысалы, кезінде «Белгілі есімнің белгісіз сыры» деген айдармен кейбір кісі есімдеріне түсініктеме беріп жүрген «Алаш айнасы» газеті «жомарт» деген сөзге: «Жомарт – таза қазақы есім. Қазақ тілінде оған «қолы ашық», «мәрт», «жүрегі кең» деген сөз балама бола алады» [5] деп анықтама берген. Бір қарағанда шынында да өз сөзіміз сияқты. Алайда Л.З.Рүстемовтің зерттеу еңбегіне сүйенсек, парсының «джэван» (молодой) және «мәрд» (смелый, храбрый) сөздерінің бірігуінен жасалған екен [6, 113-190-191].

Осы орайда ф.ғ.д., профессор Б.Момынованың қоғамдық-саяси лексика туралы: «Құрамындағы компоненттерінің таза қазақ сөздерімен келуі арқылы жасалатын атаулық тіркестер: ұлт кеңесі, билік дәлізі, билік тұтқасы, жоғары билік т.б. Бір компоненті кірме, өзге компоненттері қазақтың төл сөзі болуы арқылы жасалатын атаулық тіркестер: саяси лидер, саяси күш, діни конфессия, билік Олимпі, саяси баспана, тіл саясаты, саяси шешім т.б. Екі немесе барлық сыңарлары кірме сөзден құралуы арқылы жасалған атаулық тіркестер: саяси реформа т.б.» [7, 83],– деген жіктемесіне тоқтала кету жөн сияқты. Мәселен, оның таза қазақ сөздерімен жасалып тұрған атаулық тіркестер дегеніндегі «дәліз» сөзі парсының «дахлізі», ал «саяси», «діни», «саясат» дегендері араб-парсынікі.

VIII ғасырдан бастап қазақ жеріне араб үстемдігі орныға бастағаны, соған орай, араб жазуы енгені тарихтан белгілі. Араб жазуы арқылы қазақ қоғамына білім, ғылым, дүниетаным, мемлекеттік-әкімшілік т.б. сөздер еніп тарады. XV ғасырдан бастап түркілік арабша жазудың жаңа дәуірі басталады. Өйткені түркітілдес ру-тайпалық одақтар мен бірлестіктер жекелеген мемлекеттерге ай-



налумен қатар өз алдына ұлт болып та қалыптаса бастаған еді. Аталған ғасырдан бастап XIX ғасырдың аяғына дейін қазақ жұрты араб жазуына негізделген жалпы түркілік кітаби тілді (шағатай тілі немесе ескі өзбек тілі) пайдаланды. 1870-1910 жылдар аралығында Петербург, Қазан баспаханаларынан кітаби тіл арқылы дін-ислам қағидаларын уағыздайтын мұсылманша кітаптар, арабтық «Мың бір түн» кітабының оқиғаларына құрылған ғашықтық қисса-дастандар, казактың эпостық, лиро-эпостық жырлары мен тарихи жырлары жеке кітап болып шығып, кең тарады. А.В.Васильев: «Далаға сапар шеге жүріп, кітабы жоқ киіз үйді сирек кездестіресің. Кітапқа деген сұраныстың күштілігін бір қазақ тіліндегі кітаптың әлденеше мың данамен оншақты рет басылғанын көресің» [8, 176-177], – деп жазады. Қазақ халқы орыс боданына айналғанға дейінгі хандық-әкімшілік басқару жүйесінің жазбаша құжаттарының тілі де осы дәуірдің жазуын еркін пайдаланды.

Түрлі жазба әдебиеттер арқылы енген араб-парсылық қоғамдық-саяси сөздер қазақтың сөздік құрамын толықтырып байыта түсті. Қолданыс тілінің түріне (жазу) қарай олардың көпшілігі араб-парсылық сипатта (милләт, жамиғиат, қизмат, хукмет, ғаскер, маһкама т.б.) болғанымен, жалпыхалықтық ауызша тілде де белсенді қолданысқа түскендері қазақы (қоғам, нәсіл, бодан, болыс, ояз, сот, заң т.б.) өң-түр алып, оның төл сөздеріндей болып кетті. Кейінірек «Түркістан уәляті» (1870-1883 жж.) мен «Дала уәләты» (1888-1902 жж.) сияқты қазақша алғашқы газеттер шыға бастауымен кітаби тілдегі араб-парсылық түпнұсқа бойынша жазылатын сөздер де тілдік тұрғыдан игеріліп, қазақ тілі табиғатына бейімделіп жазылып-айтылатын дәрежеге жетті.

Қоғамда болып жататын саяси-әлеуметтік мәні бар өзгерістер мен жаңалықтар өзімен бірге талай ұғым мен түсініктерді ала келеді. Жазу мәдениеті белгілі бір дәрежеде жоғары қалыптасқан ұлт жаңа ұғым-түсініктерге дер шағында өз тілінде атау қояды немесе оларды өз тілінің табиғи бітім-болмысына сәйкестендіріп өзгертіп алады. Ал өзінің төл әліпбиі мен емле ережелері, нормалары қалыптаса қоймаған ұлттың уақытша пайдаланып отырған әліпбиі арқылы хатқа түскен өзгетілдік сөздер онша өзгеріске ұшырамай қолданыла береді. Сол себептен ұғым-түсініктердің атаулары алғашында қай тілден келсе, сол тілдік үлгіде жазылып-айтылатыны – төл әліпбиі мен емлесі қалыптаспаған қай тілге болсын тән. Әйтсе де өзгетілдік сөздердің түр-тұлғасының өзгешелігіне байланысты бөтендігі әрдайым сезіліп тұрады. Өйткені өзіндік жазу дәстүрі әлі қалыптаса қоймаған тілдің де мыңдаған жыл бойы ауызша қалыптасқан әдеби тілінің табиғи бітім-болмысы өзгетілдік дыбыстар мен дыбыс тіркесімдерінен тұратын сөздерді сол қалпында жазып-айтуды әрдайым жатырқап тұрады. Әрине, тілдегі бұл үрдіс қазіргі қазақ тіліндей емес, оның сөздік құрамы өзгетілдік сөздермен әлі толықтай бүліне қоймаған кезде байқалады.

«Қазақ тілі негізінен ауызша дамыды: қазақтың қанына ананың ақ сүтімен

еніп, жан-жүрегін ананың үнімен тербетті, ауыл арасанда ер жетті, аттың жалы, түйенің қомында жетілді, жыр боп шалқып, нұр боп қалықтады» [9, 7]. Сондықтан да өзгетілдік сөздерді қазақ тілі Ресейдің боданында қалып, орыстандыру саясатына душар болғанға дейін өмір бақи өгейсіп, өз сөзіне айналдырумен жетіліп келген еді.

Өзгетілдік сөздер еш өзгеріссіз жат елдің әліпби-емлемен оқып-жаза алатындардың ұлттық тілде жазған мәтіндерінен көрініс табады. Олар өзі жазып отырған тілге сәйкес келмейтін әліпбиді пайдаланып жазған соң, өзгетілдік ұғым атауларын сол қалпынша жазады, оқығанда немесе айтқанда да солай қолданып, ел-жұртқа кең таратуға себепкер болады. Бұны Х.Досмұхамедұлы дер шағында атап көрсеткен болатын [4, 91].

Жаңа сөздерді, ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдары таратады. Олардың кең қолданысқа ие болып, жалпыхалықтық сипат алуы мерзімді баспасөз түрлерінің дамуымен тығыз байланысты. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ даласында «Дала уәләяті», «Түркістан уәләяті», «Серке», «Қазақ», «Қазақстан» т.б. қазақ газеттері мен «Айқап», «Шора», «Таң», «Шолпан» секілді т.б. журналдарының жарық көріп, қазақ баспасөзінің қалыптасып өркендей бастаған кезеңі еді. Бастапқы кезде көпшілікке арналған қазақ газет-журналдарының тілі «шағатай» тілінен онша алыс кете қойған жоқ. Дегенмен сол кезеңнің барлық баспасөзінің алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі – қазақ сөздерін барынша қазақша жазып, халыққа жеткізу болды. Осы мақсатта Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары аянбай еңбек етті. Мәселен, өзінің алға қойған мақсаты жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Әдеби тілді сүйетін бауырларыма газетті қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс» [10],– деп жазады.

Алаш арыстарының басым көпшілігі осы ұстанымда болды. Әсіресе, араб әліпбиін қазақтың төл жазуына айналдырып, халық игілігіне жаратуда А.Байтұрсынұлының еңбегі ерекше болды. Ол өзіне дейінгі қазақ жұртының пайдаланып келген араб жазуының қазақ тілі үшін ендігі уақытта тіптен қолайсыз екенін жақсы түсініп, қазақ баспасөзі беттерінде «Жазу тәртібі» [11], «Жазу мәселесі» [12], «Дыбыстарды жіктеу туралы» [13], «Емле туралы» [14], «Жоқшыға дерек» [15] сияқты көптеген мақала жариялап, өз ой-тұжырымын дәлелдеп, жазуды жетілдіре түсті. Оның «Оқу құралы» деп аталатын алғашқы әліппесі 1912 жылы жарық көрді [16, 40].

А.Байтұрсынұлы қазақтың ежелден ауызша қалыптасқан дыбыстық жүйесін негізге ала отырып, бұрынғы жазуды түбегейлі өзгерту арқылы жаңа әліпби құрастырып, араб әріп-таңбалармен жазылып келген түркілік сөз үлгілері мен қалың жұртшылыққа түсініксіз араб-парсы сөздерінің бұрынғыша жазылуына тосқауыл қойды. Оның жаңа әліпбиі сол кездегі мамандардың көпшілігінің

көңілінен шығып, ықыласына бөленді. «А.Байтұрсыновтың араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір дау-дамайсыз қабылдады. Себебі, Байтұрсыновтың алфавитке жасаған реформасы әрі қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, әрі ғылыми негізде жасалған болатын» [17, 9]. Оның төте жазуын тек қазақ зиялылары ғана емес, әлемдік тіл білімі ғылымының көрнекті өкілдері де мойындап, жоғары бағалады [18, 32].

А.Байтұрсынұлының зор еңбегінің арқасында дүниеге келген қазақтың төл әліпбиі мен емлесі (жазу) 1929 жылға дейін толық қолданыста болды. Тіпті 1929 жылы қабылданған қазақтың латынша жазуымен қатарласып, 1940 жылға дейін жарыса қолданылды. Қазақ қоғамындағы өміршендігін бертінге дейін сақтай алды. Мәселен, заманымыздың заңғар жазушылары М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов қазақтың латынша, кирилше жазуларын оқып-үйренсе де, өмірлерінің соңына дейін өз қолжазбаларының басым көпшілігін А.Байтұрсынұлының «төте жазуымен» жазып өткен екен. Бұл жазу қазір де өзінің сол қызметін жоғалта қойған жоқ. ҚХР-да тұратын миллионнан астам қандастарымыз осы жазуды күні бүгінге дейін әр салада кең пайдаланып келеді.

XX ғасырдың 20-жылдарындағы саяси науқанның себеп-салдарына байланысты 1928-29 жылдары қазақ жазуы латыншаға негізделіп, 29 әріптен тұратын жазуға көшірілді. Тіліміздің осы әліпбиі мен емле ережелерін зерттеп-зерделесек, сол уақыттағы «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп», «Лениншіл жас», «Тілші» сияқты т.б. газеттер мен тарихи түрлі құжаттар беттерінде «сатсыйализм», «сатсыйалист», «кәмүніс», «балшабек», «репорма», «сәбет», «пебырал», «сабнарком», «пұртакол» сияқты т.б. толып жатқан өзгетілдік сөздер қазақша жазылғанын байқаймыз. Өйткені Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығының тілдік саясатында ұлттық тілдерді дамытуға деген жылы шырай болған еді. Алайда бұл – кеңес үкіметінің КСРО халықтарының барлығының көңілінен шығу үшін жасаған алғашқы кездегі саяси ұстанымы болатын. Ол ұзаққа бармады. «Тап жаулары», «КСРО-ны күйреткісі келетін шет елдердің шпионы» деген желеумен ұлт зиялыларын құртқан кеңестік саясат өз күшіне ене келе, бұрынғы ресейлік орыстандыру саясатын қайтадан қолға алды. Тіпті 1926-1927 жылдардағы А.Байтұрсынұлының арабшаға негізделген жаңа әліпбиін сол қалпында қалдыру керек пе, әлде латынға көшірген тиімді ме деген талас-тартыстың да астарында орыстандыру саясаты жатты. Себебі кеңестік тілдік саясат орыс тілін барлық одақтас республикаларға ортақ мемлекеттік тіл етіп, болашақта коммунизмге бір тіл, бір мәдениетпен жетеміз деген ұстанымда болды. Орыс жазуының өзі латын (грек) әліпбиі негізінде қалыптасқандықтан, латыншаға көшірілген қазақ жазуын кейінірек орыс жазуымен алмастыра салу оңай еді.

Қалай дегенмен 1929 жылы Қызылорда қаласында ресми бекітілген латынша әліпбиіміздің емле ережесі А.Байтұрсынұлының әліпбиінен алшақ кеткен жоқ [19, 190]. Бұның себебі – ол кезде ұлттық болмыс пен ұлттық тілдің қадір-қасиетін

жақсы түсінетін Алаш арыстарының көзі тірі еді. Олар орыс сөздерін жазып-айтуға мәжбүрлейтін бөтен дыбыстарды латынша түр алған «төл» әліпбиге енгізуге қатта қарсылық көрсетуі мүмкін болатын. Ал олар репрессияға ұшырап, атылып кеткен соң қазақтың осы латынша әліпбиінің 1938 жылғы толықтырылып қабылданған емле ережесі орыстандыру саясатын ашық түрде жүргізіп, «бұрынғы әліппемізде жоқтықтан тіліміздегі түрі бұзылып келген дыбысы бар сөздер, енді дұрысталып естілген жерлерінде х, ф, в дауыссыз дыбыстардың әріптерімен жазылады. Мысалы, хат, хан, химия, фазыл, вагон, совет түрінде жазылады. Қазақ әдебиет тілінің әліппесінде 32 әріп қолданылады» [19, 196-197], – деген сияқты бірнеше шешім қабылдады. Бұл болса, өзгетілдік сөздердің тіліміздің дыбыстық жүйесінің заңдылықтарына бағындырылмай қабылданылуына кең жол ашып қана қоймай, оның табиғи дамуына да кері әсерін тигізіп, өзгетілдік сөздерді өз сөзіне айналдырып, сөздік құрамын толықтыра түсуіне зор кедергі келтірген еді.

1940 жылы қараша айынан бастап латын негізді қазақ жазуы 41 әріптен тұратын осы күнгі орыс жазуына көшіріліп, өзгетілдік сөздерді еш өзгеріссіз жазудың емле ережелері одан әрі жетілдіріле түсті. Ақыр аяғында орыс сөздері мен орысшаланған өзге де шетел сөздерін қаз-қалпында жазылуын талап ететін, біздің тілімізде жоқ, бірақ орыс тіліне тән барлық дыбыс-әріптер қабылданып, қазақ әліпбиіндегі әріптер саны 42-ге жетті. Содан бері қазақ қоғамының осы жазуға әбден бауыр басып, дағдыланып кеткендігі соншалық – өз тіліміз өзімізге өгей болып көрінетін дәрежеге жеттік. «Сөздердің дыбысталуы мен жазылуы арасындағы кереғар алшақтық біржолата жойылды» [20, 222], «Қазақ тілінде сөздер қалай жазылған болса, солай оқылады» [21, 10; 22, 5] деген ой-тұжырым тілші ғалымдар тарапынан да айтылатын болды. Дегенмен қазіргі саяси-экономикалық жағдай халқымыздың әлеуметтік дамуына ерекше әсер ете бастады. Соған орай, тұрмыс-тіршіліктің барлық салаларында небір өзгерістер бой көрсетіп, тіліміздің де дамуына өзгеше бағыт-бағдар қалыптастырып отыр. Олай болса, қазіргі қазақ әліпбиі мен емлесі ұлттық бағыт алып, қазақ тілінің ендігі қабылданатын латынша әліпбиі ұлттық дыбыстық жүйеге ғана негізделуі керек. Қазақ тілі дыбыстары латын әріптерімен қалай таңбаланса да, А. Байтұрсынұлы түгендеп беріп кеткен қазақ тілі дыбыстары санынан (28) артық та, кем де болмауы қажет. Сонда ғана біз Елбасы атап көрсеткен ұлттық жаңғыруды жүзеге асыра аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бельчиков Ю.А. Общественно-политическая лексика В.Г.Белинского. – М., 1962.
2. Дешериев Ю.Д., Протченко И.Ф. Развитие языков народов СССР в советскую эпоху. – М., 1968.
3. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: «Арыс», 1998.

4. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998.
5. «Алаш айнасы» газеті 2013 жыл 23 қыркүйек, №185(1096).
6. Рүстемов Л.З. Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1989.
7. Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.
8. Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы (Ежелгі дәуірден 1947 жылға дейін). – Алматы: «Санат», 1999.
9. Мырзабектен Ниязбекұлы Сапархан. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: «Сөздік-словарь», 2001.
10. Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газеті, 1913, № 2, бас мақала.
11. Байтұрсынұлы А. Жазу тәртібі. «Айқап» журналы, N 9- 10, 1912.
12. Байтұрсынұлы А. Жазу мәселесі. «Қазақ» газеті, N 34-35, 1913.
13. Байтұрсынұлы А. Дыбыстарды жіктеу туралы. «Жаңа мектеп» газеті, №5. 1927.
14. Байтұрсынұлы А. Емле туралы. «Еңбекші қазақ» газеті, 27 март, 1929.
15. Байтұрсынұлы А. Жоқшыға дерек. «Еңбекші қазақ» газеті, 14 декабрь, 1925.
16. Байтұрсынов А. Оқу құралы (усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифа). I-ші кітап. – Орынбор, 1912.
17. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов /Өмірі мен қызметі туралы/. /А.Байтұрсынов. «Тіл тағлымы». – Алматы, 1992.
18. Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929 г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. – Алматы, 1930 – С. 58.
19. Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағлымы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 300 б.
20. Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары. Таңдамалы еңбектерінің жинағы. – Алматы: «Ғылым», 1988.
21. Ислам Жеменей. Парсыш-қазақша және қазақша-парсыша сөздік. – Алматы: «Санат», 1994.
22. Аманжолов А. Түрік филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: «Санат», 1996.

Мәди Айымбетов

ҚР Заң шығару институтының
жетекші ғылыми қызметкері**ЗАҢ ЛИНГВИСТИКАСЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНДЕР**

Заңнама лингвистикасы – тілтанудағы өзекті және тың сала десек, қателеспейміз. Әріге бармай-ақ, тек соңғы ширек ғасырды қамтитын уақыттың ішіндегі заңнамалық шығармашылық жұмыстың ауқымында қолданысқа енген жаңа заң лексикасы, жаңа терминдер мен заңи тұрақты тіркестер ұлттық заңнама лингвистикасын туындатудың және оны одан әрі өрістетудің өзгеше бір жаңа қыры, арнасы болып табылады. Ал бұл арнаның негізі – заң терминдерін қолданыстық сипатына қарай саралап, жүйелеп қалыптастырумен және сапалық жағынан жақсартумен, нақтылаумен тікелей байланысты. Соңғы деректерге сүйенсек, осы жылдардың ішінде Республикалық терминология комиссиясы 16000-ға жуық терминді мақұлдаған екен. Мұның 6024-і қазақ тіліндегі атаулар (37,8 пайыз) болса, 1987-і - халықаралық қолданыстағы терминдер (12,8 пайыз), ал 7952 - қазақша және шет тілдік тіркестер (49,9 пайыз). (Ғ. Мелдешов, *Тіл комитеті төрағасының орынбасары, «Егемен Қазақстан», 11-сәуір, 2017 ж.*) Демек, жылына орта есеппен 665 термин ұлттық тіліміздің лингвистикалық қорына жаңа сапамен қосылып отырған. Ал мұның қаншасы заң терминдері мен терминдік заңи тұрақты тіркестер? Олардың қаншасы құқықтық норма тұрғысынан келгенде заң мәтіндерінде қандайлық үйлесімде орныққан? Бұл мәселелер, міне, заңнама лингвистикасы қарастыратын практикалық проблемалардың бір парасы болып табылады.

Заңнама лингвистикасы заң терминдерінің мемлекеттік тілде дұрыс түзелуінен, яғни оның лексикалық нормасының құқықтық нормамен өзара үйлесуінен басталуы тиіс. Заңның құқықтық мазмұнының түсінікті әрі нақты болуы да осыған байланысты. Белгілі бір атаудың түбірлік, ұғымдық негізіне ден қою арқылы заң терминінің ұлттық тіліміздегі баламасын жасау тәсілі заңнама лингвистикасының терминологиялық сипатын бір қырынан танытады. Айталық, «жекешелендіру» ұғымы экономиканың нарықтық қатынасқа бейімделуіне орай, мемлекет меншігінде болып келген мүліктің, кәсіпорындардың, әртүрлі саладағы кешендердің жеке меншікке өтуіне, жекешелендіруге байланысты енді. Осы «жекешелендіру» терминінің түп негізі латынның «приватим» деген сөзінен шыққан. Антикалық дәуірде шәкіртті оқшаулап, жекеше оқытатын адамды «приват-доцент» деп атаған, демек бұл арада «приват» атауы «жекеше» деген ұғымды беріп тұр. Осыдан келіп заңи ұғымдалудың бір көрінісі ретінде жекешелендіруге қатысты халықаралық қолданыстағы «приватизация» термині туған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жекешелендіруге қатысты заңна-



малық актілерге мемлекеттік тілде «жекешелендіру» болып енген бұл термин өзінің заңи мәртебесін алып, ұлттық лексикамыздың қорына енді. Тағы бір мысал: «еншілес ұйым» («дочерняя организация»). Осы тіркестік терминнің алғашқы «дочерняя» ұғымын негізгі ұйымнан бөлініп шыққан, бірақ сол ұйымның мүддесіне қызмет ететін ұйымның сипаттық белгісін ұлттық реңкпен, ұлттық мазмұнмен сөйлетудің жақсы да ұғынықты үлгісі – осы «еншілес» терминдік анықтамасына әбден сыйып тұрған жоқ па! Мұндай мысалдар қолданыстағы заңнама мәтіндерінде аз емес. Сонымен қатар заң мәтіндерінде әлі орнықпай, әртүрлі қолданылып жүрген «идентификация» деген термин бар, осыны біресе - «сәйкестендіру», біресе – «бірдейлендіру», тағы бірде «ұқсастыру» деп құқықтық нормасын бұзып, терминдік қолданысының ала-кұла болуына жол беріп жүрміз. Мұның мағынасы шынтуайтына келгенде белгілі бір субъектінің не нысанның өзіне тән деректік, болмыстық сайма-сайлығын, сипаттық белгісін анықтау және белгілеу, яғни сипаттастыру. Демек, «идентификационный номер» тіркесі түпмәтіндік өзгермелі қолданыста «сипатамалық номер», әйтпесе «идентификация продукции» - «өнімді сипаттастыру» болуы керек. Бірақ мұның өзі де қазақша тіркестік үйлесімді бермейді, сондықтан бұл терминді әу бастағы латындық түбірін сақтап, өз тілімізге ыңғайластырып «идентификаттау» деп қалдырған абзал.

Заңнама мәтіндерінде «тұрақсыздық айыбы» немесе «тұрақсыздық айыппұлы» деген түсініксіздеу термин көптен бері орын алып келеді. Мұның орысша нұсқасы - «неустойка», ал құқықтық-нормалық анықтамасы: **«штраф - айыппұл, пеня - өсімақы»** екен. Қазақша мағынасы жолма-жол аударманың тәсілімен – **«тұрақсыздық айыбы»** деп алына салған. Қандай «тұрақсыздық», ненің «тұрақсыздығы» және неге «айыбы» (былайша айтқанда, «кінәсі»). Құқықтық та, лексикалық-семантикалық та мағына бермейтін жәй бір тіркес демеске лаж жоқ. Жоғарыда айтылған құқықтық-нормалық түсіндірмесіне, анықтамасына орай, бұл термин жалғыз ауыз-ақ сөзбен айтылатын **«айыпақы»** деген атауға әбден сұранып тұр, «айыпақымен» де, «өсімақымен» де шатастырмайсыз – осы сипаттағы норманы беретін термин – «айыпақы» («неустойка»)

Заң мәтіндерінде құқықтық фраземаның қолданылу сипаты - заңнама лингвистикасындағы тағы өзекті мәселенің бірі екенін айтуымыз керек. Ұғымдық мәні айқын, нормалық жүктемесі нақты құқықтық фраземаның - мағыналық ерекшелігін идомдық және метафоралық сипаттағы жалпы фразеологизм семантикасымен шатастырмауымыз керек. Көп жағдайда әдеби-публицистикалық, ғылыми-философиялық фразеологизмге тән тұтастық, тұрақтылық пен тиянақтылық белгілерін құқықтық жүктемесі бар тұрақты тіркестерге телуге болмайды. Мысалы, «қалың бұқара», «қара бұқара» деген фразеологиялық тіркестегі экспрессивтік-эмоционалдық реңкті заңда қоланылатын «халық» сөзіне - «қара» халық, «қалың» көпшілік деп қолдану мүмкін бе?! Немесе қылмыстық заңнамада



қолданылатын «қылмыстық іс қозғалу», «жауапқа тартылу» тіркестерінің жалпы қолданыстағы «істі болды», «істі болу» деген фразеологиялық тіркеспен мағыналық үйлестігі болғанымен, ортақ тиянақтылық белгісі жоқ. Сондықтан жалпы қолданыстағы фразеологиялық тіркесті заңның ресми тіліне көшіру әдетте құқық нақтылығын дұрыс бере алмайтындығын да ескеруіміз керек.

Лингвист-ғалымдар тұрақты тіркестік терминдердің лексикалық- фразеологиялық қолданылу ерекшелігі жағынан көркем стильге және ғылыми стильге жатқызады. Ал заңдағы тұрақты тіркестік терминдердің бұл тұрғыдағы сипатын тек қана таза ғылыми стильге жатқызып қоймай, мұны **құқықтық-ресми стиль** тұрғысынан қарастырған дұрыс деп ойлаймыз. Осы ретте заң тұрақты тіркестік терминдерінің түпмәтіндік қолданысы, оның заң мәтінде нормалық дәлдікпен әрі әдеби норма өлшеміне сай орнығуы және біріздендірілуі – заң шығару жұмысының ең өзекті мәселелердің бірі екенін айтуымыз қажет. Бұл процесс заңгерлердің де, лингвист мамандардың да біліктілігін талап етеді.

Қолданысқа енген тұрақты тіркестердің құқық жүйесінде пайда болуы мен олардың функциялық ерекшелігіне қарай **құжаттық іс жүргізу және құқықтық жүктемесі бар тіркестер** деп екі топқа бөлуге болады.

Мысалы, құжаттық іс жүргізуге қатысты тіркестер «құжаттамалық деректер», «талдау жүргізу», «жүзеге асыру», «іске асыру», «қорытынды жасау», «талап ету», «штат кестесі», «жұмыс өтілі», «бақылауға алу», «бекітуге ұсыну», «қарауға ұсыну», «тағылымдамадан өту», «жазбаша хабарлама», «жазбаша ұсыну», «жалпыға бірдей» және тағы басқа осы сияқты сипатта болатыны белгілі. Ал құқықтық жүктемеге ие тіркестердің санатына «жедел іздестіру», «сыбайлас жемқорлық», «мәжбүрлеу тәртібі», «құқықтық міндеттеме», «мәміле жасау», «келісімге келу», «бітімгершілік жасау», «келісім жасау», «талап қою мерзімі», «атқару парағы», «ортақ меншік», «жарғылық капитал», «жария шарт», «талап қою мерзімінің өтуі», «заңның қолданылу аясы», «заңды тұлға», «жеке тұлға» сияқты бүгінгі таңда заң мәтіндерінде орныққан толып жатқан тағы да басқа тұрақты тіркестерді жатқызуға болады.

Бұдан басқа осы тұрақты тіркестердің түпмәтінде грамматикалық заңдылықпен қолданылу ретіне қарай олардың тұлғалық өзгермелі сипатына, яғни варианттылығына жол берілетінін ескеру керек. Бірақ олардың бұл ретте құқықтық дәлдіктен, әдеби нормадан ауытқымауы басты шарт болуға тиіс. Мәселен, кейбір жағдайларда тұрақты тіркестер мәтінде өз орнында тұрмаса немесе оның бір компоненті дұрыс алынбаса, қаралып отырған мәселенің нормасына нұқсан келеді, әйтпесе мағынасы мүлдем басқаша реңк алады. Мәселен, заң мәтіндерінде көп кездесетін «күнтізбелік бес (он, жиырма, т.б.) күн ішінде» деген тіркес бар, осыны заң жобасын әзірлеушілер «он күнтізбелік күн ішінде» деп орысша мәтінді жолма-жол аударса салады («в течении десяти календарных дней»). Бұл арада аудармашы қазақша сөйлемнің синтаксистік-грамматикалық түзілу



ерекшелігін ескермей, «он» деген сан есімді «күнтізбе» сөзіне бағындырып отыр. Ал қазақша сөйлемнің табиғатында бұл тіркес «күнтізбелік он күн». Мәселе сол күнтізбедегі күнтізбелік он күні туралы болып отырғанына лингвист-маман, бұл ретте дәлірек айтсақ аудармашы көңіл аудармай, он санын күнтізбеге әкеп телиді.

Осындай стилистикалық қателер көп жағдайда заңдағы қазақша тіркестік терминдердің орашалақ, тіпті мүлдем қате болуына, мағынасының бұзылуына әкеп соқтырады.

Еңбек заңнамасында еңбек қауіпсіздігіне байланысты қолданылатын «өрескел бейқамдық» деген термин бар, осыны көптеген заң жобаларында лингвист мамандарымыз «дөрекі абайсыздық» деп дөрекі түрде калькалап аударады. Мұның орысшасы – «грубая неосторожность». Бұл арада «абайсыздықтан» гөрі қауіп келтіретін жәйтке «бейқамдық» көрсету деген анағұрлым нақтырақ және мінез-құлыққа қатысты қолданылатын «дөрекі» бейқамдық емес, мейлінше дәл әрі күштірек реңктегі «өрескел» бейқамдық.

Қатар тұрған екі сөздің бір-бірімен тіркестік үйлесуі арқылы мағыналық дәлдікке қол жеткізуге болады десек, мұның түпмәтіндегі қолданылу үйлесіміне де ден қою қажет. «Адал бәсекелестік» («добросовестный конкурент») деген терминдік тіркестің ізімен Азаматтық кодексте «адал алушы» («добросовестный приобретатель») деген қолданыс пайдаланылған (Жалпы бөлім, 261-бап). Бірінші жағдайда «адал бәсекелес» тіркесі жатық әрі нақты, ал «адал алушыға» келсек, бұл - орысшаның калькасы. Бұл арада лингвист-маман, біріншіден, тіркестегі сөздердің үйлесіміне мән бермейді, екіншіден, «алушы» сөзінің анықтауышы орысшадағы «добросовестный» сөзінің дұрыс баламалық қолданысы болмай тұр. Дәл осы тіркестегі мұның баламасы – «адал ниетті» болуға тиіс еді. Және «приобретатель» сөзінің нақты мағынасы – жәй ғана «алушы» (получатель) емес, «иеленіп алушы» деген ұғымды беріп тұр.

Азаматтық кодекстің 235-бабында «меншік құқығы көшеді» деген тіркес бар, мұнда да «переходит» деген сөздің түпмәтіндік дұрыс баламасы берілмей, «көшеді» деп жолма-жол алына салынған. Ал мұның дұрысы - «меншік құқығы ауысады» немесе түпмәтіндегі өзгермелі сипатына орай - «меншік құқығының ауысуы». Ана тіліміздегі тұрақты тіркестердің басқа тілмен салыстырғанда өзіне тән баламалық сипатын ескермей қолдану құқық мәтіндеріндегі нормалық қайшылыққа ұрындырады. Мұндай жәйттер әсіресе сот, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамаларында көп кездеседі.

Айталық, «судопроизводство» деген қос сөзден түзелген терминді сот жүйесіндегілер «сот өндірісі» деп алып жүр. «Производство» сөзінің жолма-жол мағынасымен шектелсек, әрине - «өндіріс», бірақ бұл арадағы ұғымдалу – «сот ісін жүргізу» емес пе!? Сот мәселесіне өндіріс емес, іс жүргізу тән. Мәселен, осы қылмыстық іс жүргізу саласында «процессуальное производство» деген терминдік тұрақты тіркес бар, мұны «процестік өндіріс» деп алсақ, қойыртпақ



болып шықпай ма?! Лексикологияда «полисемия» (сөздің көп мағыналығы) құбылысы деген ұғым бар. Демек, осыған сүйенсек, «іс жүргізудің» бір мағынасы сотқа қатысты орыс тіліндегі «производствоны» бейнелейді.

Тұрақты тіркестік терминдердің ұлттық реңкімен ұштастырып, баламалық сипатта қолданудың мысалдары заң мәтіндерде жоқ емес, бар: «алқабилер соты» («суд присяжных»), «төрелік сот» (арбитражный суд), «адал бәсекелестік» («добрособственная конкуренция») және т. т. Сонымен қатар калькалық фразема сипатында да қос сөзден, үш сөзден тұратын тіркестердің заң мәтіндерінде алыну заңдылығы ана тіліміздегі құқық фраземасына тән нәрсе екенін айтуымыз керек. Мысалы, «агроөнеркәсіптік кешен», «аграрлық реформа», «аз қалдықты технология», «экологиялық апат аймағы», «аннуитеттік сақтандыру», «аудиттелетін субъект» және т. т. Қоғам дамуының, өмірдің әртүрлі салаларындағы жаңа қоғамдық қатынастардың негізінде заңда жаңа атаулар мен жаңа ұғымдар пайда болады. Осының нәтижесінде енген балама қолданыстардың немесе өзге тілдегі сөз бірліктерінің лексикамыздан орын алуы тілдік қорымыздың кеңеюіне жол ашады. Осының нәтижесін заң мәтіндерінен де айрықша байқауға болады.

Заң лингвистикасында сөзжасамның **ұғымдық үйлесім, түбірден туындату, сөздерді тұтастыру, тілдік аралас қолданыс** жасау және басқа да тәсілдерімен жаңа терминдік сөз тіркестері пайда болғанының дәлелдері көп. Мысалы, «бейінді оқыту» - «профильное обучение», «еншілес кәсіпорын» - «дочерное предприятие», «родственные фирмы» – «төркіндес фирмалар», «негізгі (бас) компания» материнская (родительская) компания, «бас келісім» («генеральное соглашение»), «өлшемшарт» - «критерий», «құрамбөлік» (компонент) және толып жатқан тағысын-тағылары.

Баламасы сәтті табылған кейбір кәсіби тіркестік терминдерді құқық жүйесінде өз тілімізде орнықтырудан да қашпауымыз керек. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Өндірістің, шаруашылықтың әртүрлі салаларындағы қатынастарды реттейтін бірқатар заңдарда «аффилированное лицо» деген терминдік тіркес бар, бұл заң мәтіндерінде «аффилиирленген тұлға» деп калькалық сипатында алынып жүрді. Ал бұл сөздің бірлесу, үлестес болу деген мағынсын ескере отырып, «үлестес тұлға» деген жатық та ұғынықты нұсқасын мемтерминком дұрыс бекітті. терминнің де «негіздемелік заң» деген қазақша нұсқасы орнықты. Терминнің, оның ішінде тұрақты тіркестің қолданысқа енгізілуі, орнығуы көп жағдайда оның мағыналық дәлдігінің, нормалық дұрыстығының ана тіліміздің баламасымен үйлесімді шығуымен байланысты екенін ескеруіміз қажет.

Сөз бірлігіне, соның қатарында тілдік тұрақты тіркестерге жан бітіретін құбылыс оның қолданыстық жиілігінің артуы. Қолданылмайтын нәрсенің ұмытылатыны, ескіретіні белгілі. Тілдік қолданыс жиілігінің факторы белгілі бір ұғымды нақтылауға, жетілдіруге және біріздендіруге ықпалын тигізеді. Заңның терминдік қолданысындағы тұрақты тіркестердің орнығуы оның құқық

саласындағы қызметінің өміршеңдігімен байланысты. Қызмет жасамайтын заңның тілі де өз функциясын дұрыс атқармайды. Тоқ етерін айтқанда, мемлекеттік тілдегі заң мәтіндерінің жазылуында, терминдерге өз тілімізде **балама тәржіма жасауда** тиянақтай түсетін, жетілдіре түсетін мәселелер баршылық. Айталық, тұрақты тіркестердің заң мәтіндерінде қолданылу мәселесінде мына сипаттағы басты кемшіліктер тән:

- мағыналық бірізділіктің болмауы;
- терминдердің жолма-жол тәсілмен аударылып берілуі;
- терминдердің, тіркестердің түп мәтіндік қолданыстағы ерекшеліктерін, көп мағыналық (полисемия) қолданысын ескермеу.

Ана тілімізде орнықты заң фраземасын қалыптастыру, яғни тұрақты тіркестердің дұрыс қолданылуы мен өз мәнінде орнығуы шығармашылық көзқарасты талап етеді. Ал шығармашылық көзқарас дегеніміз әрбір сөз бірлігінің мәтіндегі қолданылу ерекшелігіне, оның құқықтық нормамен мағыналық үйлестігіне егжей-тегжелі зер салу, керек болса әрбір сөз бірлігі ұғымының этимологиясын, түптамасын зерделеу. Түптеп келгенде өміріміздің әр саласында тілімізді таза қалпында қолданудың іргелі ізденістері – рухани қазынамыз, ата-бабадан, ғасырлар қойнауынан бізге жеткен ұлы да қасиетті мұрамыз тілімізді жаңа кезеңдердің талабымен үйлестіре жетілдірудің аясында жүзеге асырылуы тиіс.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында, сондай-ақ ұлттық тарихымызға, мемлекеттілігіміздің тарихи дамуының сипаттарына қатысты айтылған келелі де қағидалы сөздерінде тарих сахнасына «Ұлы Дала елі» болып енген елімізде ұлттық құндылықтарымызды сақтаудың айрықша маңыздылығы баса айтылып келеді. Ел бірлігі мен мемлекеттік тұтастығымызды нығайта отырып, халық келешегінің келбетін ұлт ретінде сақтап қалудың Елбасы дйттеген осындай тұғырлы міндеттерінің қатарында ана тіліміздің мәртебесін биіктетудің өзекті мәселелері де бар екенін ескерсек, бүгінгі таңда мемлекеттік тілдегі заңнама терминдерін де ұлттық реңкпен қолдана білудің түбегейлі негізін салу - маңыздылығы мен жауаптылығы тұрғысынан аса зор іс. Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ел басы латын әліпбиіне көшу мәселесін – ұлттық санамызды жаңғыртудың келелі міндеттерінің бірі ретінде белгілей отырып, латыншаға көшудің терең логикасы – бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты екенін айрықша атап көрсетті. Бұл орайда мемлекеттік тілдегі ұлттық заңнама лингвистикасының латын әліпбиіне бейімделуі де лексикалық, терминологиялық жаңа сапалық өзгерістерді қамтитыны белгілі. Кирилл алфавитінде орысша түбірі сақталып қолданысқа енген терминдердің айтылуы (орфоэпиясы) мен жазылуы (орфографиясы) ана тіліміздің толық заңдылығымен жазылуға тиіс. Заңнама лингвистикасының өзегін құрайтын терминдердің, оның ішінде әсіресе

халықаралық ортақ қолданыстағы, түбірлік этимологиясы латынша және басқа тілдердегі терминдердің де осы әліпбиде қазақшалануы мұқият саралау мен ізденістерді талап етеді. Сондықтан жаңа әліпбидің біз қолданатын нұсқасы қабылданғаннан күннен бастап ұлттық заңнама қорындағы заңдарды латын әріпіне көшіру жұмысын қолға алу қажет. Бұл заңнама терминдерін қазірден-ақ ұлттық тілімізге біржола бейімдеу жұмысын жандандыратыны сөзсіз.

Қорыта айтқанда, заңнама лингвистикасын осынау мемлекеттік маңызы үлкен міндеттердің шеңберінде молықтыра отырып дамытудың келелі мақсаты - ұлттық терминдік қорымызды байыту, балама ұғымды атауларды, тұрақты тіркестік терминдер мен сөз орамдарын ұлттық заң тіліне қойылатын талап үддесіне сай қолдануға мейлінше ден қою болмақ.



Алтынбек Әбділманов

*Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

ЗАҢ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЖАТ ТІЛНІҢ МЫСАЛЫНДА АРНАУЛЫ ТІЛДІҢ АНЫҚТАЛУ ЖАЙЫ

Ғалымдардың көрсетуінше, «арнаулы сипат алған лексика дегеніміз – қоғамдағы өзара ыңғайлас әртүрлі әлеуметтік топтардың мамандығына, қызметіне, шұғылданатын кәсібіне байланысты қалыптасқан сөздері мен сөз қолданыстары екен (сөйлемше, я сөз тіркестері) [1, 153 б.]. Оның жалпы лексикадан ерекшелігін терминші ғалым Қ.Айдарбек: «арнаулы лексиканы жалпықолданыстық сипатта пайдаланыла алмайды, себебі лексиканың бұл түрін тек сол салада қызмет етушілер ғана түсінеді де және ол бөлек, жеке арнаулы коммуникация құралы болып табылады», – деп анықтаған [2, 62 б.].

Берілген шағын анықтамалармен таныса отырып, арнаулы лексиканың бірнеше тілдік бірліктерден тұратындығы мен олардың ортақ мақсатта жұмыла еңбек еткен мамандардың арнаулы сала тілін құрайтындығын аңғарамыз.

Ортақ мақсатқа жетуде қолданылатын арнаулы мақсаттар тілі туралы алғаш рет чех зерттеушісі Любомира Дрозд сөз еткен болатын. Арнаулы сала тілі турасында зерттеуші «арнайы қызмет көрсету үшін алынған тіл» деп алып, ұлттық әдеби тілден өрбіген бағынышты тіл (подъязык) деген анықтама берген [3, 120 б.].

Арнаулы мақсатты тілдер жайында Қ.Айдарбек: «Тарихи категория ретінде анықталып, олардың пайда болуы әдеби тілдердің қалыптасуынан бұрынырақ қолөнер, сауда-саттық т.б. дамуымен байланысты болды», – дейді де, Г.О.Винокур, Л.Н.Капаназе, Ю.Н.Бельчиков, А.А.Реформатский, Д.С.Лотте, В.В.Виноградов, В.П.Даниленко, Т.Н.Канделаки, В.М.Лейчик, В.Н.Гречко, Л.И.Скварцов, Н.Л.Котелова, О.И.Блинова, Т.С.Коготкова, С.Д.Шелов, С.В.Гринев, М.Н.Володина сияқты атақты ғалымдардың зерттеулерінің арнайы нысаны болғанын атап көрсетеді [2, 94 б.]. Бұл сипаттаулардан арнаулы лексикадан өзге бүгінгі таңда маман немесе белгілі бір өнер иесінің қажеттілігіне орай арнаулы мақсаттар тілінің қалыптасқандығы көрінеді. Бұл тілдің басты ерекшелігі – арнайы қызметке мақсатталуы, жалпы халық тілінен кәсіби деңгейде оқшаулығы, жалпы қолданыстағы тілге бағыныштылығы.

Арнаулы сала тілінің ұлттық әдеби тілдің құрамынан өрбіген тіл екендігін орыс ғалымдары да (Н.Шанский, Г.Винокур, В.Бредихина, Т.Иванова, С.Гонцова т.б.) толықтай құптайды.

Осыған орай арнаулы сала тілінің «кішігірім тіл» немесе ғалым Ш.Құрманбайұлының анықтауы бойынша «салалық тіл» екендігін ескеруіміз



қажет. Кәсіби тілді зерттеуші Н.К.Горбовскийдің жорамалы бойынша, салалық тілді меңгерген маман көп тілді болып, полиглоссия орын алады екен [4, 29 б.]. Алайда, біз бұл оймен келісе алмаймыз. Арнаулы сала тілі – бұл ұлттық тілдің құрамдас бөлігі және тек сол тілдің аясында ғана дамып, жалпы әдеби тілдің кемелденуіне септігін тигізуі тиіс деп білеміз. Арнаулы лексика жалпыұлттық лексиканың құрамына кіреді [1, 153 б.].

Арнаулы лексика турасында ғалым Қ.Айдарбектің зерделеуіндегі: «Арнаулы лексика жалпы тіл жүйесі секілді ұйымдастырылады да, бірақ оған қарағанда көлемі жағынан аздау келіп кәсіптік бағыттағы өзінің «кішігірім тілдерін» қалыптастырады», – деген пікіріне біз де қосыламыз [2, 92 б.]. Бұл жердегі ғалымның «кішігірім тіл» деп көрсеткен бағынышты тілді кейбір зерттеушілер «салалық тіл» деп алып анықтама беріп жүр.

Салалық тіл туралы ғалым С.А.Гонцова мынадай анықтама береді: «Салалық тіл терминдермен қатар өзіндік лексикалық және грамматикалық сипаты бар белгілі бір мәтіндердің байланысынан тұрады» [5, 10 б.].

Қ.Айдарбек: «Кішігірім тіл дегеніміз – тілдің кәсіптік мақсатта жұмсалатын ерекше формасы. Бұл салада тек сол кәсіби қызметке қажетті болып саналатын тілдік элементтер ғана қолданылады», – деп тұжырымдайды.

Нәтижесінде, арнаулы сала тілінде бірнеше лексикалық бірліктердің белгілі бір мақсатта қолданылып арнаулы мәтіндерді құрайтындығы анықтала түсті.

Зерделеп қарар болсақ, ауқымды заң саласында да тұтынылып жүрген лексикалық бірліктер, сөйлемдер мен сөйлемшелердің өзіндік қолданылу заңдылығы, реті бар. Қолданыстағы атауыштары құжат тілі арқылы узуалданып бүгінгі сала тілін құрап жүр. Осыған орай қатаң тәртіппен, норманы ұстанатын салада ең бірінші негіз болатын құжат одан кейінгі құжаттардың лексикалық қабатын, сөйлемдердің құрылымы мен қолданысын айқындап, белгілейтінді аңғарылады. Біз практикалық тұрғыдан талдауға алған заң саласында құжат тілі белгілі бір тәртіп, нақты үлгі негізінде жазылатындығын көз жеткіздік. Құжатта өзіндік лексика, клише, сөйлем құрылымы, мәтіннің құрылысы болады. Заң баптарына сүйене отырып, заң тіліне сәйкестендіріліп жазылған құжат белгілі деңгейде арнаулы тілді танытып тұрады. Сөзіміз нақты болу үшін сот саласында негізгі құжат түрі саналатын үкім мәтінінің кейбір бөліктеріне тілдік талдау жүргізіп көрелік.

Құжат бөліктері соттың Қазақстан Республикасының қылмыстық істі жүргізу кодексінің шеңберінде істі қарау тәртібіне сай жазылады. ҚР ҚПК баптарына сай өзіндік бөліктері бар екені белгілі, десек те, біз тілші ретінде құжат мәтінін семантикалық тәсілде топтап қарағанымызда, жалпы мәтіннің он мән-мағыналық бөліктен тұратындығын аңғардық. Әр қайсының тілдік құрылымында өзіндік ерекшеліктері және өзара тұтастырып тұратын біртекті грамматикалық өзегі бар.

Мәселен, *құжат істі қарауды сот құрамын жариялаудан, куәларды жау-*



аптаудан, жәбірленушілердің жауаптарын тыңдаудан, сотталушыны жауаптаудан, іс материалдарын зерттеуден, жарыссөзден және қаулы шығарудан тұрады. Сол секілді үкім құжаты да іс бойынша сот құрамын мәлімдеуден; іс бойынша айыпталушының жеке басы мен айыпталу дәрежесін атаудан; іс бойынша анықталған мән-жайларды сипаттаудан; сотталушы не айыпталушының жауабы мен уәжінен, іс бойынша жәбірленушінің жауабы мен уәжінен, іс құжаттарындағы деректерді дәлел ретінде келтіруден, соттың іс материалдарын зерделей отырып, алдын ала қылмыстық белгілерді бағалаудан, соттың заң баптарына сүйене отырып, қажет деп табуынан, соттың үкім етуінен және іс бойынша шағымдану жағдайын көрсетуден тұрады. Әр қайсының грамматикалық құрылымына тоқталып қарасақ, өзіндік табиғаты, арнаулы лексикасы, морфологиясы, синтаксистік құрылымы бар. Құжаттың грамматикалық құрылымы қалыпты, 10-15 пайыз ғана өзгеруі мүмкін, басқаша жағдайда, тек ішкі мазмұны, деректері мен мәліметтері ғана өзгеріп отырады. Нақты талдаулармен, мысалдар келтіріп көрелік.

Құжаттың аталу түрі «Қазақстан Республикасының атынан ҮКІМ» деген қолданыс тұрақты оралым. Шығыс септігінің тұлғасы еш өзгертілмейді. **Іс бойынша сот құрамын мәлімдеу** мынадай лексикалық бірліктерден тұрады: *облыстық не қалалық соты, құрамында, төрелік етуші, хатшылықта, мемлекеттік айыптаушы, қорғаушы, жәбірленуші, қатысуларымен, басты ашық сот мәжілісінде, туған, ұлты, азаматы, орта, арнаулы не жоғары білімді, үйленген, үйленбеген, жұмыста не жұмыста жоқ, мекенжайы, айыптау актісінің көшірмесін алған, дыбыс жазба құралын қолданып т.б.* Көрсетілген лексика қатары негізінен тұрақты, тек жағдайға байланысты, жеке мәліметтермен толықтырылып жазылады. Мысалы,

Қазақстан Республикасы атынан

Ү К І М

11 ақпан 2011 жыл

Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық соты құрамында: төрелік етуші судья М.Б.Иванова, хатшылықта Г.Туканова, аудармашы Р.Сейтимова, мемлекеттік айыптаушы Ж.Болатов, қорғаушы Ф.Ж.Қыдыров, жәбірленушілер Г.А.Рожнин, А.С.Попов, М.В.Яковлев, Е.М.Нариков, Н.Е.Абдулова, О.Н.Надеждина, А.К.Кенжеғалиев, қатысуларымен Орал қаласында басты ашық сот мәжілісінде

Галиев Самат Маратович 20 ақпан 1980 жылы Батыс Қазақстан облысы Казталовка ауданында Ажбай ауылында туған, қазақ, ҚР азаматы, орта білімді, үйленбеген, жұмыста жоқ, мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Подстепное ауылы ПДП 6/3, №2 аумақ, бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылып, жәбірленушілермен татуласып қылмыстық іс

қысқартылған, айыптау актісінің көшірмесін алған, оны ҚР ҚК-нің 190-бабы 1-бөлігі, 188-бабы 3-бөлігі айыптап сотқа берген қылмыстық істі басты сот талқылауында дыбыс жазба құралын қолданып қарап, сот

АНЫҚТАДЫ:

Құжат мәтінінің үзіндісінде тұрақты қолданыс тауып жүрген лексиканы талдауға алып көрер болсақ, *Орал облыстық не қалалық соты, құрамында, төрелік етуші, хатшылықта, мемлекеттік айыптаушы, қорғаушы, жәбірленуші, қатысуларымен, басты ашық сот мәжілісінде, туған, ұлты, азаматы, орта, арнаулы не жоғары білімді, үйленген, үйленбеген, жұмыста не жұмыста жоқ, мекенжайы, айыптау актісінің көшірмесін алған, дыбыс жазба құралын қолданып* т.б

Мәтінде сөз тіркесі түрінде қолданылып жүрген *Орал облыстық соты, төрелік етуші, мемлекеттік айыптаушы, басты ашық сот мәжілісінде, жоғары білім, жұмыста жоқ, айыптау актісінің көшірмесі, дыбыс-жазба, жазба құралы, жазба құралын қолданып* деген сияқты сөз тіркестері бар.

Мәтін ішіндегі сөйлем мен сөздер бір-бірімен гармматикалық байланыста қолданылады. Кез-келген қатар тұрған сөздер бір-бірімен байланыса бермейді. Сөздердің сөйлемде байланысуының белгілі бір тәртібі бар. Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздер жалғау арқылы, шылау арқылы, сөздердің орын тәртібі арқылы, интонация арқылы байланысатыны белгілі.

Сөздер септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түседі. Осы жалғаулардың қатысуымен сөздің өзара байланысынан белгілі синтаксистік қатынас, грамматикалық мағына беріп отырады. Мысалы: *Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық сот+ы(т.ж) құрамы+нда (Ж.с): төрелік етуші судья М.Б.Иванова, хатшылық+та (Ж.с.) Г.Туканова, аудармашы Р.Сейтимова, мемлекеттік айыптаушы Ж.Болатов, қорғаушы Ғ.Ж.Қыдыров, жәбірленушілер Г.А.Рожнин, А.С.Попов, М.В.Яковлев, Е.М.Нариков, Н.Е.Абдулова, О.Н.Надеждина, А.К.Кенжеғалиев, қатысулар+ы+мен Орал қаласында басты ашық сот мәжілісі+нде (Ж.с.)...*

Жалпы қазақ тілінде сөздер ретіне қарай шылаулар арқылы байланысады. Алайда біз талдауға алған құжаттың **іс бойынша сот құрамын мәлімдеу бөлігінде** бұл тәсілмен байланысқан тіркестер қалыптаспаған.

3) Тілімізде сөздер орын тәртібі арқылы да байланысады. Мысалы: *басты ашық сот мәжілісінде* деген тіркесте немесе *төрелік етуші, жоғары білім* дегендей мысалдарда анықтаушы сөз бен анықталушы сөз қатар тұруы арқылы анықтаушының қатынаста орын тәртібі арқылы байланысқанын көрсетеді. Ал егер осы сөздердің орнын өзгертіп жіберсек, мүлде басқа мағына немесе мағынасыз сөйлем туады (ашық басты сот, білім жоғары, етуші төрелік). Бұл сөздер бір-бірімен тиянақты орын тәртібі арқылы байланысқа түседі.

4) Интонация арқылы байланысу. Мұнда екі сөздегі орын тәртібі тиянақты



болуымен бірге, екеуінің арасында айтылуда дауыс ырғағы сақталып, екінші сөз сәл көтеріңкі естіледі, ал жазуда ол сөздер сызықшамен ажыратылады. Мысалы: ұлты - қазақ.

Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысу түрлерінің бес түрі бар. Олар: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу. Бұл байланыс түрлері де арнаулы сала мәтінінде айқын көрінеді.

Бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы бір жақта және 1-2 жақтарда жекеше, көпше түрде байланысуын қиысу дейміз. *Судья басты ашық сот мәжілісінде анықтады* деген сөйлемде судья мен анықтады, бастауыш пен баяндауыш III жақта қиысып тұр. Арнаулы мәтін бөлігінде бастауыш пен баяндауыш тек қана III жақта қиысады.

Ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздердің байланысу түрін матасу деп атайды. *Айыптау актісінің көшірмесі, Орал қалалық соты құрамы* дегендегі ... *актісінің көшірмесі, ... соты құрамы* тіркестері матасып тұр. Құжаттың осы бөлігінде ілік септігінің жасырын тұруы жиі кездеседі. Мысалы, Орал қалалық соты(ның) құрамы..., аудармашы(ның), айыптаушы(ның), қорғаушы(ның), жәбірленушілер(дің) қатысу...ы (салыстырсақ – *аудармашы, мемлекеттік айыптаушы, қорғаушы, жәбірленушілер қатысулар+ы+мен*). Ілік септігінің түсіріліп қолданылуы жалпы құжат стиліне тән. Мәселен, бас сот(тың) талқылауында, айыптау(дың) актісінің көшірмесін т.б.

Тілімізде басыңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардағы сөздің атау мен іліктен басқа септік жалғауларының біреуі жалғануы не шылау арқылы байланысу түрін меңгеру деп атайды.

Басты ашық сот мәжілісінде дыбыс жазба құралын қолданып қарап анықтады немесе қылмыстық істі басты сот талқылауында дыбыс жазба құралын қолданып қарап анықтады. *Сөйлемдегі мәжілісінде анықтады, сот талқылауында анықтады* дегендер меңгеріле байланысып тұр.

4) Сөздердің қатаң орын тәртібі нәтижесінде қатар тұру арқылы байланысу түрін қабысу деп атайды. Мысалы, *ашық басты сот, жұмыста жоқ, дыбыс жазба құралы* т.б.

Осындағы *ашық басты* дегендер берік орын тәртібі арқылы байланысқан, олардың орнын ауыстырсақ, байланыс бұзылады.

5) Басыңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардың орын таңдамай, жақын да, қашық та тұруы арқылы байланысу түрін жанасу деп атайтыны белгілі. Алайда біз талдауға алған арнаулы мәтін үлгісінде сөздердің орнын ауыстырып сөйлем жазуға болмайды. Бұл грамматикалық мүмкіншіліктің болмауынан емес, құжаттың қатаң стандартталуына орай туындаған талап.

Қорыта айтсақ, заң құжаттарының жазылуында бірізділік пен нормалану жедел жүргізіледі. Құжат лексикасынан бастап, сөйлем құрылымына дейін бірізділік, стандартты тіл талап етіледі. Процессуалдық құжаттар заң мен ко-

декс шеңберінде, сол тілде, сол сөз саптау ыркында ғана жазылады. Бұл ретті терминтанушы-ғалым Ш.Құрманбайұлының: салалық тіл (подъязык) – барынша кәсіпке бағыттандырылғандығымен көрініс беретін, тілдің өмір сүруінің айрықша түрі. Әрбір салалық тіл адам қызметінің белгілі бір саласына қызмет етеді», – деп көрсетуі толық сәйкеседі [3, 54 б.]. Заң саласы тілінде қалыптасқан тәжірибедегі тілдік қолданыстың қайталанып отыру сипаты басым. Өйткені құжаттың мазмұны да, сөйлем құрылымы да, терминдері мен арнаулы сөздік қолданыстары да – түгелдей сүйенерлік, сілтеме жасайтын құжат мәтінін қажет етеді. Сондықтан процессуалдық құжаттардың тілін елеп-екшеу үшін салалық тілді стандарттау кезінде негізгі құжаттар – кодекс, заң тіл заңдарының негізінде, емле, грамматика нормаларын сақтай отырып жазылуын о бастан қадағалауымыз керек. Заңның өзінің жазылуында негізге алынатын ереже, қағидалардың қатарында тілдік ережелер мен қағидалар тұруы қажет деп білеміз. Өйтпеген жағдайда өзінің заңды күшіне еніп, қолданысқа түсіп кеткен кейінгі құжаттарды түзету, өңдеу мүлде мүмкін болмай қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Калиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазіргі Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – Б.153.
2. Айдарбек Қ. Қазақ терминологиялық аталымының ономазиологиялық аспектісі: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2009. – Б.32-109.
3. Дрозд Л.К. проблеме лингвистической теории терминологии// Теоретические и методологические вопросы терминологии: Международный симпозиум. – 1999. – С.120.
4. Горбовский Н.К. Профессиональная речь «функционально-стилистический аспект») // Функционирование системы языка и речи. – М., 1989.– 153 с.
5. Гонцова С.А. Словообразование в научно-технической терминологии. – Алма-Ата: Мектеп, 1990. – 96 с
6. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. – Астана: «Ер-Дәулет», 2007. – 243 б.



Бауыржан Жонкешов
А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
аға ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының кандидаты

СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Жалпы тіл білімінде стандарттаудың толық, нақты дефинициясын табу қиын. Стандарттау терминологиялық жұмыстар деп танылатын реттеу, біріздендіру, нормалау, жүйелеу т.б. анықтамаларымен шатастырылады. Тіпті осы терминологиялық жұмыстар болып саналатын стандарттау, реттеу, біріздендіру, жүйелеу, нормалау т.б. өз ішінде бір бірімен шатастырылып қолданылады. Ол жайында терминтанушы ғалымдар терминтану саласындағы әдебиеттерде бұл жұмыстар түрлерін нақты жіктеп-жіктеп, әрқайсысының ауқымын мейілінше дәл анықтап беру жағы әлі де болса жетісіңкірей бермейді. Оларға берілген анықтамалар да кейде ішінара бірін бірі қайталап жатады немесе бұл ұғымдарды әр зерттеуші түрліше түсіндіретін жағдайлар да кездеседі [1, 20 б.] деп көрсетеді. Алдымен осы жайында сөз қозғауды жөн көріп отырмыз.

Г.В.Степанов жоғарыда аталған терминологиялық жұмыстардың ішінде біріздендіру, стандарттау, реттеу үшеуін негізгі терминологиялық жұмыстар ретінде атап көрсете отырып, оларға төмендегідей анықтама береді.

Реттеу – терминдердің белгілейтін ұғымдарына мүмкіндігінше толық сәйкес келуін іздеуге бағытталған мамандардың бірлескен жұмысы.

Стандарттау – әр ұғым үшін бір ғана терминді таңдап, оны арнайы құжаттарда бекіту. Бұл терминмен қатар кейде кодификация атауы да синоним ретінде қолданылады.

Біріздендіру – әр түрлі ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми және техникалық ұғымдардың сәйкес келуі [1, 20-21 бб.]. Бұл тіл білімінде басы ашық мәселе. Ал терминологиялық жұмыстар атқарылар кездегі, үдерісіндегі қайсысы бірінші орындалатыны жайлы пікірлер әр түрлі. Олардың көпшілігі (орыс тіл білімінде) реттеу, біріздендіру, одан кейін барып қана стандарттау немесе кодттау (кодификация) бағытында іске асытыны жайлы айтады. Ол турасында ғаламтор сайттарынан алынған мына бір сілтемеге назар аударайық:

«Реттеудің соңғы кезеңінде терминжүйенің жүйеленуі немесе сипаттама түрінде яғни оның рәсімделуі нормаланған сөздік түрінде немесе стандарттау түрінде жүргізілуі тиіс [2].

Бұл жерде көңіл аударарлық бір мәселе жайында айта кету керек. Стандарттаудың тіл біліміндегі тағы бір синонимдік қатары жүйелеу деп те қолданылатынын байқаймыз.

Сонымен жоғарыдағы келтірілген сілтемеден терминологиялық жұмыстардағы

реттеудің соңғы сатысы терминологиялық стандарттауға алып барады деген қорытынды шығаруға болады. Енді осы жайында кеңінен тоқталмақпыз.

Реттеуді ғалымдар түрліше түсініп, әрқалай түсіндіреді деп көрсетеді Ш.Құрманбайұлы: Бірі бұл жұмысты біріздендіру аясында қарастырса, екіншілері кең мағынада қолданып, терминологиялық жұмыстардың барлығының басын қосып реттеу деп ұғады [1, 36 б.].

Біздіңше терминологиялық жұмыстар үлкен-үлкен үш саты негізінде іске асады. Терминологиялық жұмыстарды жүргізілу барысында ең бірінші терминдерді реттеу үдерісі жүреді. Оны терминологиялық жұмыстардың өзегі деп те атауға болады. Реттеу жайында орыс ғалымы Е.Н.Толикина былай деп жазады: «Упорядочить - значит создать последовательную и единственную концепцию науки, это можно сделать далеко не во всякое ее состояние» [3, 62 б.].

Бұл жұмыс (реттеу) терминдерді іріктеуді санамағанда екі кезең арқылы жүзеге асырылады. Олардың біріншісі ретінде **ұғымдарды жүйелеуді** көрсетеміз. Категория жөніндегі ілім саласындағы бұл ұғымды және ұғымның классификациялық жүйесін құруды жүйелеудің нәтижесінде ұғымның маңызды белгілері айқындалады; ұғым дефинициясының (ғылыми анықтаманың) классификациялық схемасы нәтижесінде анықтау немесе жаңа дефинициялар құру. Терминологиялық дефиниция өзара ұйымдасқан, коммуникативтік маңыздылығы мен мән-мағыналық біртұтастықты айқындайды. Ғылыми терминнің дефиниция мәтініндегі семантизациялануы сөйлеу әрекетінің субъектпен интерпретациялануын білдіреді, ал оның нәтижесі сөйленім түрінде материалданып, тіл туралы білімнің, тілдің өзінің құралдары арқылы экспликациялануы дегенді білдіреді [4, 23-24 бб.]

Одан кейін терминологияның кемшіліктерін анықтау мақсатында жүргізілетін **терминологиялық талдау** үдерісі іске асады. Алдымен *семантикалық талдау* жүргізіледі, бұл терминдер мағынасының өзі атайтын ұғымның мазмұнынан әртүрлі ауытқушылықтарының бар екендігін және терминологиялық атауы жоқ ұғымдарды айқындауға мүмкіндік береді. Содан кейін *этимологиялық талдау*, бұл аталған терминологияның терминдерін қалыптастырудың тиімді тәсілдері мен үлгілерін айқындауға, терминдердің сәтсіз түрлерін айқындауға және оларды жақсарту немесе ауыстыру тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. *Функционалды талдау* терминдерді қолданудың функционалды ерекшеліктерін белгілеуге мүмкіндік береді. Кез келген жағдайда жүргізілген талдауға аталған терминологияның қазіргі даму үрдісі мен осы үрдістің көрініс табу ерекшеліктері есепке алынатыдығын атап өту қажет, бұл үшін әдетте *диахрондық талдау* жүргізіледі.

Терминологиялық жұмыстардың екінші сатысында **терминдерді нормалау** жүргізіледі. Лигвистикада **норма** дегеніміз сөйлеу тәжірибесі мен осы тілде сөйлеудің сөйлеу қызметін реттеу мақсатынан шығатын ережелер жиынтығы деп түсіндіріледі (О. С. Ахманова 1968). Осыған сәйкес терминдерді норма-



лау – бұл мамандардың сөйлеу қызметінен ыңғайлы және нақты варианттарды және терминдерді қалыптастыру мен қолданудың ережелерін таңдау және сол варианттардың дұрысын бекіту. Терминологиялық норма жалпы тіл біліміне негізделеді, алайда онымен сәйкес келмей қалуы да мүмкін. Мысалы, қазақ терминологиясындағы терминдерде кейбір ауытқушылықтардың (диалект, қарапайым сөздер т.б.) бар екендігін мамандар сөз етіп келеді.

Нормалаудың екі қыры бар оның бірі – *біріздендіру*, ол терминдердің мазмұнын реттеуге және терминдердің тиімді нысанын таңдау мақсатында жетілдіруге бағытталады. Реттеу ұғым және терминологиялық жүйенің арасындағы біржақты сәйкестікті қамтамасыз етеді: аталған термин жүйедегі бір ұғымға тек бір ғана термин сәйкес келуі тиіс және керісінше бір терминге бір ұғым сәйкес келуі тиіс.

Терминологияны біріздендіру мәселесі термин жасау мен оларды қалыптастыру жұмыстарын үйлестіре жүргізуге, жарыспалылықты болдырмауға байланысты туындайды. Термин шығармашылығы кезінде жарыса қолданылып жүрген баламалардың біріне тоқталып, оны арнаулы ұғымның атауы ретінде терминологиялық лексикада тұрақтандыру процесін *біріздендіру* деп түсінетініміз белгілі [5, 20 б.]. Біріздендіру жұмысы ең алдымен, ұғым мазмұнын дәл бермейтін, терминге қойылатын талаптарға сай келмейтін атаулардан арылып, сәтсіз жасалған баламалар мен терминологияда ретсіздік туғызып, жарыса қолданылып жүрген нұсқаларды сараптан өткізіп, солардың бірін тілде орнықтырудан бастау алуға тиіс. Сондай-ақ тілімізде арнаулы ұғымды дәл беретін байырғы атауы бола тұрып орынсыз шет тілінің сөзімен алмастырылған немесе сөзжасам, терминжасам тәсілдерін ұтымды пайдалана отырып сәтті жасалған терминдер де ұлттық терминологиялық қордан орын алу қажеттігін назардан тыс қалдыруға болмайды. Термин шығармашылығы терминологияны біріздендіру, жетілдіру жұмыстарымен қатар жүріп жататын үздіксіз процесс болғандықтан, жаңадан жасалып қолданысқа ене бастаған терминдерді іріктеп алумен бірге қажеттілігіне қарай жаңа терминдер жасап, оларды тілде орнықтыруға да көңіл бөлген жөн. Бұл жұмыс барлық арнаулы саланың терминдер жүйесін қамти отырып жүзеге асыруды қажет етеді. Яғни тілішілік біріздендіру ісіне жете мән берілуі керек.

Ал тіларалық біріздендіру жұмысы да бұрынғыдай орыс тілін ғана үлгі етіп алып, бір жақты сипат алмай, ғылыми негізделген байыпты бағытты ұстану керек. Әсіресе туысқан түркі тілдес халықтар тілдерінің арасындағы терминжасам тәжірибесін бөлісу мен терминалмасу ісін дұрыс жолға қоюдың маңызы өте зор. Ділі мен тілінің ұқсас қырлары, ортақ жақтары мол туысқан халықтардың өзара термин алмасу ісін жолға қоймай, өзге тәуелді кезде солардың белгілеп берген қағидаттарын әлі басшылыққа алып, ескі сүрлеуден шыға алмай отыруымызды құптау қиын. Бұл осы саладағы жұмысардың тиісті деңгейде жүргізілмей отырғанын көрсетсе керек. Тілдік туыстығы жағынан бір топқа жататын өзге


халықтар тілдері арасындағы термин алмасу тәжірибесі де ескеріліп, оның ұтымды жақтары бізге үлгі болуы қажет. Бірімізде жоғымызды бірімізден тауып, тілдік байланысымыз бен ғылым саласындағы ынтымақтастығымызды нығайтудың тарихи-мәдени әрі саяси маңызы да зор деп білеміз [1, 22 б.].

Екіншісі, қалыптасқан терминологиялық жүйе ғылыми ұғымдар жүйесі мен олардың байланыстарынан көрініс табуы тиіс. Сондықтан *үйлестірудің* басты міндеті – өзі атайтын ұғымның негізгі классификациялық белгілерін тікелей немесе жанама түрде терминдердің қолайлы нысандарын қолдануды іздеу.

Терминологиялық жұмыстардың соңғы кезеңінде пайда болған терминологиялық жүйені *кодтау* жүргізіледі, яғни оны нормативті сөздік түрінде реттеу. Ол дегеніміз нормаланған сөздіктерді стандарттау болып табылады. Сондай-ақ оларды қолдану ерекшеліктерімен байланысты терминологиялық жүйе міндеттерінің екі деңгейі бар. Терминнің нақты бір мағынада қолданылуы мүмкін болмаған жағдайда (әдетте өндіріс саласында) кодтау *терминдерді стандарттау* нысанына ие болады. Құжаттамада міндетті болып табылатын терминдер мен анықтамалардың стандарттары соның нәтижесі болып табылады. Қатаң норма шығармашылық ойды дамытуға кедіргі келтірсе (әдетте, ғылым саласында), кодтау терминтану тұрғысынан дұрыс терминдерді енгізу *ұсынысын* қабылдайды, бекітілуге ұсынылған терминдердің жинағы соның нәтижесі болып табылады [6].

Бұндай көзқарасты «Как работать над терминологией. Основы и методы» атты еңбектен де байқауымызға болады. Бұл еңбекте ғылым мен техниканың немесе пәннің терминологиясын реттеу үшін сала мамандары мен іргелес сала мамандарынан тұратын ғылыми комиссия құрып, оған түрлі ғылыми мектептер мен әр түрлі көзқарастағы ғалымдарды тарту қажеттігі атап көрсетіледі. Сондай-ақ осы еңбекте реттелуге тиісті терминдерді мамандар талқысына ұсынудың үлгісі беріледі. Онда бірінші бағанаға терминдердің рет саны, екінші бағанаға ұғым атаулары терминдер әліпбилік емес, жүйелік тәртіппен беріледі де, үшінші бағанаға сол терминдердің анықтамалары орналастырылады [7].

Сонымен қорыта келгенде біздің шамалауымызша терминологиялық жұмыстар мына бағытта жүреді: реттеу, ұғымдарды жүйелеу, терминдерді талдау, нормалау (біріздендіру, үйлестіру (оптимизация), стандарттау немесе кодтау (кодификация). Оны сызба арқылы былай көрсетуге болады:



Сызбадан екі нәрсені байқауға болады: **біріншісі** терминологиялық жұмыстарды жүргізуде алдымен, реттеу жұмысы (ұғымдарды жүйелеу, терминдерді талдау), одан кейін, нормалау жұмысы (терминдерді біріздендіру, үйлестіру), үшінші әрі терминологиялық жұмыстардың соңғы сатысы стандарттау немесе кодтау жұмыстарының сатылап жүзеге асатындығы, **екіншісі** терминдік жұмыстардың соңғы нүктесін стандарттау немесе кодтау қоятындығы. Біз бұл шешімімізді нақты, әрі қорытынды шешім деп айтудан аулақпыз. Бұл тек жобалау ғана. Терминологиялық жұмыстардың деңгейлеп жүзеге асуы әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет ететін, қыр-сыры мол мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240.
2. Унификация нормативной правовой терминологии и единое правовое пространство России // [httpwww. library. Ruhelpdocsn 57055 termin.doc](httpwww.library.Ruhelpdocsn57055termin.doc).
3. Толикина Е.Н. Некоторые лингвистические проблемы изучения термина.

– В кн.: Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М., 1970.

4. Досмайлова А.Н. Қазақ терминологиялық дефиниция метамәтінінің семантикалық-құрылымдық сипаты // Филол. ғ. к. ... дисс. авторефераты. – Алматы, 2009. – 32 б.

5. Құрманбайұлы Ш. Терминологияны біріздендіру мәселесі // Терминологиялық хабаршы. №3. – Астана, 2003. 20-26 б.б.

6. Терминоведение <http://dic.academic.ru/dic.nsf/fruwiki151989>.

7. Организация работ по упорядочению терминологии // Как работать над терминологией. Основы и методы. С. 57-59.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ
2017 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАНДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА
БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР**

БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР

ЗАҢНАМАДА ЖИІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР		
№	орыс тілінде	қазақ тілінде
1.	агент	агент
2.	агент налоговый	салық агенті
3.	акционер	акционер
4.	акция	акция
5.	алимент	алимент
6.	биржа	биржа
7.	дренаж	дренаж
8.	импорт	импорт
9.	импортер	импорттаушы
10.	инвестиция	инвестиция
11.	инвестор	инвестор
12.	инновационные технологии	инновациялық технологиялар
13.	инновация	инновация
14.	инсинуация	инсинуация
15.	институт	институт
16.	институт научно-исследовательский	ғылыми-зерттеу институты
17.	институт политический	саяси институт
18.	капитал	капитал
19.	комиссар	комиссар
20.	комиссар выставки	көрме комиссары
21.	комиссар секции	секция комиссары
22.	комиссия	комиссия
23.	компания	компания
24.	компания лизинговая	лизингтік компания
25.	компания национальная	ұлттық компания
26.	конвенция	конвенция
27.	консорциум	консорциум
28.	консультант	консультант
29.	консультация	консультация

30.	конференц-зал	конференц-зал
31.	конференция	конференция
32.	лизинг	лизинг
33.	лицензия	лицензия
34.	медиация	медиация
35.	миссия	миссия
36.	миссия дипломатическая	дипломатиялық миссия
37.	мониторинг	мониторинг
38.	монополия	монополия
39.	монополия естественная	табиғи монополия
40.	неустойка	айыпақы
41.	нетарифное регулирование	тарифтік емес реттеу
42.	офис	офис
43.	палата	палата
44.	преференция	преференция
45.	пробация	пробация
46.	проблема	проблема
47.	провизия	провизия
48.	процесс	процесс
49.	реадмиссия	реадмиссия
50.	резерв	резерв
51.	резервуар	резервуар
52.	сектор	сектор
53.	сессия	сессия
54.	симпозиум	симпозиум
55.	статус дипломатический	дипломатиялық мәртебе
56.	стратегия	стратегия
57.	тариф	тариф
58.	тарифное регулирование	тарифтік реттеу
59.	технология	технология
60.	фабрика	фабрика
61.	фактор	фактор
62.	фирма	фирма
63.	форум	форум
64.	франчайзинг	франчайзинг



65.	цессия	цессия
66.	штраф	айыппұл
67.	экспорт	экспорт
68.	экспортер	экспорттаушы
МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРІ		
69.	артист	әртіс
70.	архив	архив
71.	архив национальный	ұлттық архив
72.	гастроль	гастроль
73.	дом-музей	музей-үй
74.	дублирование фильма	фильмді дубляждау
75.	картина	картина
76.	кинематографическая организация	кинематографиялық ұйым
77.	кинематография	кинематография
78.	кино	кино
79.	киноархив	киноархив
80.	кинолетопись	киножылнама
81.	кинотеатр	кинотеатр
82.	кинофестиваль	кинофестиваль
83.	концерт	концерт
84.	литография	литография
85.	музейное дело	музей ісі
86.	музыка	музыка
87.	музыка камерная	камералық музыка
88.	оператор	оператор
89.	продюсер	продюсер
90.	продюсер исполнительный	атқарушы продюсер
91.	режиссер	режиссер
92.	режиссер главный	бас режиссер
93.	репертуар	репертуар
94.	ретроспектива	ретроспектива
95.	скрипка	скрипка
96.	театр	театр
97.	театр кукольный	қуыршақ театры
98.	театр музыкальный	музыкалық театр

99.	фестиваль	фестиваль
100.	фестиваль международный	халықаралық фестиваль
101.	фильм	фильм
102.	фильм анимационный	анимациялық фильм
103.	фильм документальный	деректі фильм
104.	фильм хроникальный	хроникалы фильм
105.	фильм игровой	ойын фильмі
106.	цирк	цирк
107.	эстамп	эстамп

Мазмұны

АУДАРМА ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Ш. Құрманбайұлы. Көркем аудармалардағы жаңа терминдер мен атаулардың қолданысы.....3

А.Жұмабекова. XX ғасырдағы аударманың кейбір теориялары мен үлгілері.....20

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

О.Жұбаева. Қазақ тіліндегі терминжүйенің когнитивті сипаты.....29

Б. Исхан, М. Құлманова. Терминдер мен қоғамдық-саяси лексиканың тілдегі орны мен маңызы.....39

М. Айымбетов. Заң лингвистикасы және терминдер.....47

А. Әбділманов. Заң саласындағы құжат тілінің мысалында арнаулы тілдің анықталу жайы.....54

Б. Жонкешов. Стандарттау және қазақ терминологиясы.....60

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ
2017 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАНДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА
БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР.....66**

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ
Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Ш. Шаяхметов атындағы
тілдерді дамытудың республикалық
үйлестіру-әдістемелік орталығында
теріліп, беттелді.

Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған
С. Баубекова
Редактор С. Жұмағұлов
Корректор М. Шіменбаева

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7 А,
Тел.: 8 (7172) 40-83-97
Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 18.05.2017 ж.
Басуға қол қойылған күні 19.06.2017 ж.
Пішімі 70x100 1/16. Шартты баспа табағы 5,7
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.